



Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің арасындағы (Жол көлігі саласын қайта құрылымдау жобасы) Заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 20 шілде N 446-І

Америка Құрама Штаттары, Колумбия округінде 1999 жылғы 16 сәуірде жасалған "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің арасындағы (Жол көлігі саласын қайта құрылымдау жобасы) Заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Заемның нөмірі 4437 KZ

1999 жылғы 16 сәуірдегі
Қазақстан Республикасы
мен
Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму
Банкінің
арасындағы
(Жол көлігі саласын қайта құрылымдау жобасы)
Заем туралы келісім

Заемның нөмірі 4437 KZ

Заемды беру туралы келісім

Қазақстан Республикасы ("Заемшы") мен Халықаралық Қайта Жаңарту

және Даму Банкінің ("Банк") арасындағы 1999 жылғы 16 сәуірдегі Келісім.

(А) Заемшының сипаттамасы осы Келісімнің 2-Қосымшасында келтірілген Жобаның жүзеге асырылатындығына және басымдылығына көзі жеткендігін, Банкке Жобаны қаржыландыруға көмек көрсету туралы өтініш жасағанын

Назарға ала отырып; және

(В) Банк Заемшыға осы Келісімде жазылған шарттар мен ережелерде, атап айтқанда, жоғарыда аталғанның негізінде Заемшыға заем беруге келісім бергендігін

Назарға ала отырып;

Тараптар жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, төмендегі туралы келіседі:

I бап

Жалпы шарттар; Анықтамалар

1.01-бөлім

Банктің 1995 жылғы 30 мамырдағы "Заем туралы келісімдерге қолданылатын жалпы шарттар және заем бойынша бірыңғай валютада кепілдіктер беруі" (1997 жылғы 2 желтоқсанға дейін енгізілген түзетулерімен) (жалпы шарттар) осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.02-бөлім

Анықтамасы Жалпы шарттарда және осы Келісімге Кіріспе тарауда берілетін кейбір терминдердің контексте өзгеше ұғынылатын жағдайларын қоспағанда, осында жазылған тиісті мәндері бар және мынадай қосымша терминдердің мынадай мәндеріне ие:

(а) "ИЖБ" Заемшының РМЖК-ның құрамында құрған Инвестициялық жобаларын басқаруды білдіреді және оның кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық

мұрагерлерін қамтиды;

(b) "АЖД" Заемшының ККМ-ның құрамында құрған Автомобиль жолдары департаментін білдіреді және оның кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық мұрагерлерін қамтиды;

(c) "АЖКД" Заемшының ККМ-ның құрамындағы Автомобиль жол көлігі департаментін білдіреді және оның кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық мұрагерлерін қамтиды;

(d) "ҚМ" Заемшының Қаржы министрлігін білдіреді және оның кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық мұрагерлерін қамтиды;

(e) "ККМ" Заемшының Көлік және коммуникациялар министрлігін білдіреді және оның кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық мұрагерлерін қамтиды;

(f) "ЖЖТ" осы Келісімге 5-қосымшаның 2-тармағында айтылатын Жобаны жүзеге асыру жөніндегі топты білдіреді;

(g) "Жобаны әзірлеуге арналған несиені" 1996 жылғы 27 қыркүйекте Банк қол қойған және Заемшының 1996 жылғы 18 қарашадағы қолымен бекітілген хат алмасуларына және 1998 жылғы 23 қыркүйекте Банк қол қойған және 1998 жылғы 23 желтоқсанда Заемшының қолымен бекітілген хат алмасуына сәйкес Банктің Заемшыға беретін Жобаны әзірлеуге арналған несиесін білдіреді;

(h) "РМЖК" Заемшының Республикалық мемлекеттік жол кәсіпорнын білдіреді және оның кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық мұрагерлерін қамтиды;

(i) "Арнаулы шот" осы Келісімнің 2.02 (b) бөлімінде айтылатын шотты білдіреді;

(j) "ЖТ" осы Келісімге 5-қосымшаның 3-тармағында айтылатын Жұмыс тобын білдіреді, ол кез келген құқықтық мұрагерін немесе құқықтық мұрагерлерін қамтиды.

II бап

Заем

2.01-бөлім

Банк Заемшыға жазылған шарттар мен ережелерде, немесе бұл туралы Заем беру

туралы келісімде айтылатын жүз миллион АҚШ долларына тең соманы (100.000 000 АҚШ доллары) беруге келісім береді.

2.02-бөлім

(a) Заем сомасы Заем беру туралы осы Келісімнің 1-қосымшасының ережелеріне сәйкес Жобаны жүзеге асыру үшін қажет осы Келісімнің 2-қосымшасында сипатталған оны қаржыландыру заемдық қаражаттан жүргізілетін тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге шеккен шығыстары үшін (немесе Банктің келісімі бойынша - алдағы шығыстар үшін), сондай-ақ Заем бойынша проценттер мен өзге де төлемдерге қатысты несие шотынан алынуы мүмкін.

(b) Заемшы Жобаның мақсаты үшін - есептесуден, мүлікті тұтқындаудан немесе оны борыш үшін ұстап қалудан тиісті қорғануды қоса алғанда Банк үшін қолданымды шарттар мен ережелерде, коммерциялық банкте АҚШ долларында арнаулы депозит шотын ашып, оны жүргізе алады. Арнаулы шотқа салымдар мен одан төлемдер төлеу осы Келісімге 6-қосымшаның ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

(c) Банк Заемды орналастыру басталған күннен кейін бірден Заемшының атынан Жобаны әзірлеуге арналған, белгілі бір күнде алынған және төленбеген негізгі соманы өтеу үшін және ол бойынша барлық төленбеген алымдарды төлеу үшін қажетті соманы несие шотынан алады

және оны өзіне өзі төлейді. Бұдан соң Жобаны әзірлеуге арналған несиенің рұқсат етілген сомасының алынбаған қалдығы жойылады.

2.03-бөлім

Жабу күні 2004 жылдың 31 желтоқсаны болып табылады немесе одан анағұрлым кеш мерзімді Банк белгілейді. Банк осы анағұрлым кеш мерзім туралы дереу Заемшыны құлақтандырады.

2.04-бөлім

Заемшы Банкке Заем сомасының бір процентіне (1%) тең сомада комиссиялық алым төлейді. Заемның орналастырылған күнінің басында немесе бірден содан кейін Банк Заемшының атынан жоғарыда аталған алымның сомасын несие шотынан алады және өзіне өзі төлейді.

2.05-бөлім

Заемшы Банкке Заемның негізгі сомасы бойынша жылына ұдайы алынбайтын бір проценттің төрттен үшін құрайтын ($3/4$ 1%) ставка бойынша кредит беру міндеттемесі үшін комиссиялық алым төлейді.

2.06-бөлім

(a) Заемшы Заемның негізгі сомасы бойынша әрбір проценттік кезең үшін евровалютада берілетін қысқа мерзімді кредиттер бойынша Базистік Лондон банкаралық ставкасына тең ставка бойынша мерзім сайын алынатын және төленбейтін проценттерді және бұған қоса Лондон банкаралық ставкасымен айырманы төлейді.

(b) Осы бөлімде:

(i) "Проценттік кезең" осы Келісім күшіне енген күнінен бастап проценттерді төлеудің бірінші кезеңіне дейінгі бастапқы кезеңді, және бастапқы кезеңнен кейін - проценттерді төлеудің келесі датасын қоса алғанда, проценттерді төлеу күнінен бастап, бірақ ол қосылмайтын әрбір кезеңді білдіреді.

(ii) "Проценттерді төлеудің датасы" осы Келісімнің 2.07-бөлімінде көрсетілген кез келген датаны білдіреді.

(iii) "Валюталық мәмілелердің Лондондық банкаралық рыногының базистік ставкасы" әрбір проценттік кезеңге қатысты АҚШ долларындағы жартыжылдық депозиттер бойынша, белгіленген проценттік кезеңнің бірінші күніндегі бағалау бойынша (немесе, бастапқы проценттік кезең жағдайында, проценттерді төлеу күніндегі немесе айқындалған проценттік кезеңнің бірінші күнінен кейінгі күндегі бағалау бойынша) валюталық мәмілелердің Лондондық банкаралық рыногы ұсынатын және Банк белгілеген және жыл сайынғы проценттік аударымдар ретіндегі ставканы білдіреді.

(iv) "Лондондық банкаралық рыноктың проценттік ставкаларының арасындағы айырма" әрбір проценттік кезеңге қатысты мыналарды білдіреді:

(A) бір проценттің төрттен үші (1%-тен $3/4$);

(B) төленбеген банктік Заемдарға қатысты немесе Лондондық банкаралық

валюталық мәмілелер рыногы ұсынатын ставкалардан төмен (немесе жоғары) болып бір проценттік кеден немесе Банктің заемдарды қаржыландыру үшін бірыңғай валютада бөлетін олардың үлестеріне немесе Заемды қамтитын олардың үлестеріне қатысты жартыжылдық депозиттер бойынша өзге де бақылаулық ставкалар үшін;

Банк белгілеген және жыл сайынғы проценттік аударымдар ретіндегі минус (немесе плюс) орташа есептелген маржа;

(с) Банк Заемшының назарына Лондондық банкаралық рыноктың Базистік ставкасы және оларды айқындаған соң бірден әрбір проценттік кезең үшін Лондондық банкаралық рыноктың ставкаларының арасындағы Айырмалар туралы ақпаратты жеткізуі тиіс.

(d) Осы 2.06-бөлімде айтылатын проценттік ставкаларды айқындауға ықпал ететін нарықтық практикадағы өзгерістер тұрғысында әрбір ретте Банк тұтастай алғанда өзінің Заемшыларының және Банктің мүдделері үшін белгілейді және жоғарыда аталған Бөлімде берілгеннен ерекшелігі бар заемға қолданылатын проценттік ставкаларды айқындау үшін қолданылатын негізді құлақтандырмаса, Банк заемға қолданылатын проценттік ставкаларды айқындау үшін Заемшыны жаңа негіз туралы алты айдан (б) кешіктірмей құлақтандырып, негізді өзгерте алады. Негіз егер Заемшы

Банкке жоғарыда аталған уақыт аралығының ішінде мұндай негізге өзінің қарсы екендігі туралы наразылығын негізді құлақтандыру үшін мерзімнің өтуі бойынша қолдануға ие болады, онда жоғарыда аталған өзгеріс Заемға қолданылмайды.

2.07-бөлім

Проценттер мен өзге де алымдар жарты жылда 15 наурызда және әрбір жылы 15 қыркүйекте бір рет төленуге жатады.

2.08-бөлім

Заемшы заемның негізгі сомасын заемды өтеудің осы Келісімге 3-қосымшада келтірілген кестесіне сәйкес бөліп-бөліп өтейді.

III бап

Жобаны атқару

3.01-бөлім

(a) Заемшы осы Келісімнің 2-қосымшасында жазылған Жобаның міндеттері бойынша өзінің міндеттемелері туралы хабарлайды және Жобаның А, В, С және Е тарауларын ИЖБ және ЖЖТ арқылы, Жобаның D тарауын ЖТ арқылы, әкімшілік, қаржы, инженерлік, қоршаған ортаны қорғауға және техникалық практикаға сәйкестікте орындайды және қажет болуына қарай Жоба үшін керек құралдармен, объектілермен, қызмет көрсетулермен және өзге де ресурстармен қамтамасыз етеді.

(b) Заемшы мен Банк өзге келісімге келген жағдайларды қоспағанда Заемшы осы Жобаны Бөлімнің (a) тармағының ережелері бойынша шек қоюсыз жүзеге асырады және Жобаның А, В және С тарауларын ИЖБ және ЖЖТ арқылы Жобаның D бөлімін - осы Келісімнің 5-қосымшасында жазылған орындау Бағдарламасына сәйкес ЖТ арқылы орындайды.

3.02-бөлім

Жоба үшін қажетті және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды сатып алу, жұмыстар мен консультанттардың қызмет көрсетулерін қамтамасыз ету Банк өзге шешім қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, осы Келісімге 4-қосымшаның ережелерімен реттеледі.

3.03-бөлім

Заемшы Жалпы шарттардың 9.08-бөлімінің мақсаты үшін және ол бойынша шек қоюсыз:

(a) Банк үшін қабылданымды ережелердің негізінде, Банкке жабу датасынан кейін Жобаның міндеттерін тұрақты орындауды қамтамасыз етуге арналған жоспарды әзірлейді немесе Банкке алты (6) айдан кешіктірмей Заемшы мен Банктің арасында осы мақсат үшін келісілуі мүмкін анағұрлым кешірек мерзімде ұсынады; және

(b) Банкке жоғарыда аталған жоспар бойынша Заемшымен пікірлер алмасу мүмкіншілігін береді.

3.04-бөлім

Заемшы тиісті түрде қаржыландыруды қаржыландыруды қамтамасыз етуді

қоса алғанда өзінің мемлекеттік, мемлекетаралық және аймақтық (облыстық) жол желілерін қанағаттанарлық ұстауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және өзінің мемлекеттік және мемлекетаралық жолдарының желілерін ұстауға және қайта жаңартуға АҚШ долларымен есептегенде 1999-шы күнтізбелік жылда 100 000 000-нан кем емес, 2000-шы күнтізбелік жылда 125 000 000-нан кем емес және 2001-шы күнтізбелік жылда 150 000 000-нан кем емес қаражат жұмсайды.

3.05-бөлім

Заемшы:

(a) 2000 жылдың 31 наурызында Банк үшін қабылданымды

өкілеттіктерінің шеңберін, жолдарды пайдаланушылар мен алымдардың жүйесін қарауы және Банкпен осы талдаудың нәтижелерін талқылауы; және

(b) 2000 жылдың 30 қыркүйегіне қарай барлық осы секілді алымдардың сомасы жолдарды пайдалануға кететін шығындардың кем дегенде 75%-ін құрауы және ол автомобильдер мен автобус иелерінің есебіне жатқызылуы, ал 2002 жылдың 30 қыркүйегіне қарай - мұндай шығындар 100% болуы үшін жүк автомобильдері мен автобустардың иелерінен алымдарды бірте-бірте өсіруі тиіс.

IV бап

Заемшыны кейбір қаржылық көрсеткіштерді қолдауға міндеттейтін шарттың талаптары

4.01-бөлім

(a) Заемшы есеп құжаттары мен шоттарын қоса алғанда қаржы қызметін басқару жүйесін жүргізеді немесе жүргізуді қамтамасыз етеді, Банк үшін қабылданымды, жобаға байланысты операцияларды, қаражат пен шығыстарды көрсету бойынша талаптарға жауап беретін нысанда қаржы есептерін дайындайды.

(b) Заемшы:

(i) есеп құжаттарын, шоттарды жүргізеді және осы Бөлімнің (a) тармағында айтылатын қаржы есептерін және Банк үшін қабылданымды аудитті жүргізудің тиісті стандарттарына сәйкес, Банк үшін қабылданымды тәуелсіз аудиторлар ұдайы қолданатын аудит жүргізілген әрбір қаржы жылы бойынша есеп құжаттары мен арнайы шоттар бойынша шоттарды дайындайды;

(ii) Банкке мүмкіндігіне қарай ерте, бірақ қалай болған күнде де әрбір осындай жыл аяқталған соң алты айдан кешіктірмей:

(A) талдау жүргізілген әрбір осындай жыл бойынша осы Бөлімнің (a) тармағында айтылатын қаржы есептерінің куәландырылған көшірмелерін, және

(B) Осындай есептер, есеп құжаттары мен шоттары бойынша қорытындыны және жоғарыда аталған аудиторлар, Банк негізді сұрау салатын көлемдер және егжей-тегжейде аудит жүргізілген осы секілді есепті ұсынады және

(iii) Банкке Банк мерзім сайын негізді сұрайтын осындай есеп құжаттары мен шоттарына, олардың аудитіне және жоғарыда аталған аудиторларға қатысты кез келген басқа ақпаратты ұсынады.

(c) Шығыстар туралы есептердің негізінде несие шотынан қаражатты алу жүргізілген барлық шығыстар бойынша

Заемшы:

(i) осы Бөлімнің (a) тармағына сәйкес осындай шығыстарды көрсететін есеп құжаттары мен арнаулы шоттарды жүргізеді немесе жүргізілуін қамтамасыз етеді;

(ii) Банк есеп шотынан қаражатты соңғы алу жүргізілген қаржы жылы үшін аудиторлық есепті алған соң осындай шығыстарды растайтын барлық есеп құжаттарын (келісімшарттар, тапсырмалар, шот-фактуралар, жүктеме қағаздар, түбіршектер және өзге де құжаттар), кемінде бір жыл бойы сақтайды;

(iii) Банк өкілдеріне есеп құжаттарын зерделеуі үшін жағдай жасайды; және

(iv) осы есеп құжаттары мен шоттарын осы Бөлімнің (b) тармағында айтылатын жылдық аудитке енгізуді және мұндай аудит туралы қаржылық жылдың ішінде ұсынылған шығыстар туралы есептердің негізінде шоттардан қаражатты алуды қамтамасыз етуге болатын-болмайтындығы туралы жоғарыда аталған аудиторлар енгізген қорытындының, оларды дайындаудағы рәсімдер мен ішкі бақылаудың болуын қамтамасыз етеді.

V бап

Келісімнің күшіне ену датасы;

келісімінің қолданылуының тоқтатылуы

5.01-бөлім

Мынадай жағдайлар:

(a) осы Келісімнің 4.01(a) бөлімінде айтылатын ЖЖТ-да құрылған қаржы қызметін басқару жүйесі;

(b) Осы Келісімнің 4.01(b)(i) бөлімінде айтылатын осы Келісімнің

4.01(b)(i) бөліміне сәйкес Жобаны жүзеге асыру уақытында бірінші қаржы жылы үшін аудит жүргізуге тағайындалған аудиторлар; және

(c) осы Келісімнің 5-қосымшасының 2-тармағына сәйкес құрылған ЖЖТ Жалпы шарттардың 12.01 (c) Бөлімінің мәнінде Заем туралы Келісім күшіне енуі үшін қосымша шарттар ретінде айқындалады.

5.02-бөлім

Жалпы шарттардың 12.04-бөлімінің мақсаты үшін осымен осы Келісімнің датасынан кейін тоқсан (90) күннен кейін басталатын дата белгіленеді.

VI бап

Заемшының өкілдері; Мекен-жайлары

6.01-бөлім

Заемшының сонымен бір мезгілде қаржы үшін жауапты Министрі Жалпы шарттардың 11.03-бөлімінің мақсаты үшін Заемшының өкілі ретінде тағайындалады.

6.02-бөлім

Жалпы шарттардың 11.01-бөлімінің мақсаты үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының мекен-жайы:

Ministry of Finance

Қаржы министрлігі

60 Republic Avenue
473000, Astana
Republic of Kazakhstan
Cable address:
Telex: 264126 (FILIN)

Республика даңғылы, 60
473000, Астана
Қазақстан Республикасы
Телеграфтың мекен-жайы:
Телекс: 264126 (FILIN)

Банктің мекен-жайы:
International Bank for
Reconstruction
and Development
1818 H Street, N.W.
Washington, D.C. 20433
United States of America
Cable address:
INTBAFRAD
Washington, D.C.
Telex: 248423 (MCI) or
64145 (MCI)

Халықаралық Қайта жаңарту
және Даму Банкі
1818 Н көшесі, Солтүстік
Батыс Вашингтон, Колумбия
Округі 20433
Америка Құрама Штаттары
Телеграфтың мекен-жайы:
INTBAFRAD
Washington, D.C.
Телекс: 248423 (MCI) немесе
64145 (MCI)

Осыны куәландыру үшін осы Келісімнің тараптары өздерінің тиісті түрдегі уәкілеттік берілген өкілдері арқылы жоғарыда аталған күн мен жылда Америка Құрама Штаттарының Колумбия округінде өздерінің аттарынан осы Келісімге қол қояды қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы

Ресми Өкіл
Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі

Еуропа және Орталық Азия
Аймағы бойынша
қызмет істеп отырған вице-президент

1-қосымша

1. Төменде келтірілген кестеде заем қаражатынан қаржыландырылатын баптардың санаттары, әрбір санат бойынша заем сомаларының бөлінуі және қаржыландырылуға жататын әрбір санаттың баптары бойынша шығыстардың проценттегі көрінісі берілген.

Санаты	Аударылатын заем сомасы (АҚШ долларында)	Қаржыландырылатын шығыстар %-пен
(1) Инженерлік құрылыс жұмысы		70%
(a) Жобаның А 1-тарауына сәйкес	61,800,000	
(b) Жобаның А) 2-тарауына сәйкес	13,200,000	
2) Консультанттардың қызмет көрсетуі, оқуды және оқу мақсатымен жол жүруді қоса алғанда	5,400,000	100%
3) Тауарлар		100% шетелдік
(a) Жобаның В тарауына сәйкес	5,200,000	шығыстар, 100%
(a) Жобаның С, Е, F тарауларына сәйкес	1,400,000	жергілікті шығыстар
		(өндірістік жүктеме шығыстар) және 80% сатып алуы осы жердің шегінде жүзеге асырылатын басқа позициялар бойынша жергілікті шығыстар
(4) Қосымшалар ЖЖТ-ның пайдалану шығындары	1,100,000	100%
(5) Қайта қаржыландыру Жобаны дайындауға арналған несие	1,100,000	Осы Келісімнің 2.02 (с) бөліміне сәйкес есептелетін сома
(6) Комиссиялық алым	1,000,000	Осы Келісімнің 2.04-бөліміне сәйкес есептелетін сома

(7) Бөлінбегені	9,800,000	
Жиыны	100,000,000	

2. Осы Қосымшаның мақсаты үшін:

(a) "шетелдік шығыстар" деген термин Заемшының елінің валютасынан ерекшелігі бар, кез келген елдің валютасындағы Заемшының елін қоспағанда, кез келген елдің аумағынан берілетін немесе көрсетілетін тауарларға немесе қызмет көрсетулерге арналған шығыстарды білдіреді;

(b) "жергілікті шығыстар" деген термин Заемшының валютасындағы не Заемшының аумағынан берілетін, не көрсетілген тауарларға немесе қызмет көрсетулерге арналған шығыстарды білдіреді; және

(c) "қосымша пайдалану шығындары" деген термин Заемшының лауазымды тұлғаларының еңбекақысын қоспағанда, қызметтік үй-жайларды жалға алу, жабдықтар мен материалдардың, коммуналдық қызмет көрсетулердің, оларды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету байланыстың құнын, іссапарларға, Жобаның есептерінің аудитіне және ЖЖТ консультанттарының жұмысына арналған шығыстарды қоса алғанда, Жобаны жүзеге асыруға байланысты ЖЖТ шеккен қосымша пайдалану шығындарын, басқаруға, ағымдағы бақылау мен қадағалауға байланысты шығыстарды білдіреді.

3. 1-тармақта жоғарыда келтірілген ережелерге қарамастан:

(a) осы Келісімнің күшіне енуі датасына дейін;

(b) егер Заемшы және осы Келісімнің 5-қосымшасының 6-тармағына сәйкес Жобаның А.2 тарауына орай қайта жаңарту жұмыстарына қатысты Банк үшін қабылданымдар Заемшы қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты экономикалық, техникалық жұмыс деректері мен ақпаратты әзірлемесе (1) (b) санаттар бойынша; және

(c) егер Заемшы Банк үшін қабылданымды техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу бойынша осы Келісімнің 5-қосымшасының 4-тармағына сәйкес Алматы-Қарағанды трассасында күнделікті және қысқы кезеңдегі жұмыстарды бағдарламалау, келісімшарттарды жасау және орындау және Банспен келісім бойынша жабдықты жалға алу жүйесін, рәсімдер мен техникалық санаттарын белгілемесе, (3) (a) санаттар бойынша қаражатты алу жүргізілмейді.

4. Банк:

(a) келісімшарттар бойынша АҚШ долларына есептегенде құны кемінде 200 000 құрайтын тауарларға;

(b) келісімшарттар бойынша құны АҚШ долларына есептегенде кемінде 100 000 құрайтын - әңгіме құны АҚШ долларына есептегенде кемінде 50 мыңды құрайтын фирмалар мен келісімшарттар туралы болған жағдайда, әңгіме жеке тұлғалар туралы болған жағдайда қызмет көрсетулерге; және

(c) Банк Заемшыны құлақтандырылатын шарттар мен ережелерге сәйкес - ЖЖТ қосымша пайдалану шығындарына арналған шығыстар туралы есептердің негізінде жүргізілген несие шотынан қаражатты алуды талап ете алады.

2-Қосымша

Жобаның сипаттамасы

Жобаның мақсаты Заемшыға жұмыс істеп тұрған ішкі секторларды - Қазақстандағы жол және жолды және жол көлігін мейлінше тиімді дамытуға көмек көрсету болып табылады.

Жоба мынадай мақсаттарға қол жеткізу үшін Заемшы мен Банктің келісімі бойынша мезгіл сайын өзгерістер енгізуге жататын мынадай тараулардан тұрады:

А тарауы: Мемлекеттік жолдарды қайта жаңарту

1. Жол жабындарын нығайту және қайта жаңартуды, жекелеген учаскелерді жалпы қабылданған ен стандарттарына сәйкес келтіруді, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жолдардың геометриясын кейбір шектеулі сипатта жақсартуды, дренаждық қасиеттерді жақсартуды және су жіберетін құбырларды жөндеу мен көпірлерді қайта жаңартуды немесе ауыстыруды қоса алғанда, жалпы ұзындығы шамамен 500 километрді құрайтын мемлекеттік жол желісінің бірқатар жекелеген учаскелерін қайта жаңарту.

2. Жол жабындарын нығайту және қайта жаңартуды, жекелеген учаскелерді жалпы қабылданған ен стандарттарына сәйкес келтіруді, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жолдардың геометриясын кейбір шектеулі сипатта жақсартуды, дренаждық қасиеттерді жақсартуды және су жіберетін құбырларды жөндеу мен көпірлерді қайта жаңартуды немесе ауыстыруды және айналма жолдардың құрылысын салуды қоса алғанда, жалпы

ұзындығы шамамен 500 километрді құрайтын Қарағанды және Астана қалаларының арасындағы мемлекеттік жол желісінің бірқатар жекелеген учаскелерін қайта жаңарту.

3. Мынадай қызмет көрсетулер:

- инженерлік әзірлемелер саласында;

- сатып алуға байланысты; және

- консультациялық

және мемлекеттік жолдарды қайта жаңарту және жолдардағы құрылыс жұмыстарын қадағалау мәселелері бойынша оқу.

В тарауы: Күнделікті техникалық қызмет көрсетуді және ағымдағы жөндеуді жақсарту

Күнделікті техникалық қызметті көрсетуді және ағымдағы жөндеуді жақсарту үшін жабдықтар мен босалқы бөлшектерді беру арқылы Қазақстан кәсіпорындарының техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу жөніндегі функционалдық мүмкіндіктерін арттыру.

С тарауы: Институционалдық күшейту

Мынадай шараларды:

(а) жолдардың жай-күйін объективті бағалауға және баламалы шешімдерді экономикалық талдауға негізделген мемлекеттік және аймақтық жол желілері үшін ағымдағы бақылауды жүргізудің сметасы мен әдістерін жасау, жоспарлау әдістерін енгізу, сондай-ақ осындай әдістерге ККМ персоналын және жергілікті мамандарды оқытуды және мемлекеттік және аймақтық (облыстық) бюджеттерді 2001 жылға дайындауды техникалық қамтамасыз етуді;

(b) мемлекеттік және аймақтық жолдардың желілеріне қатысы бар келісімшарттар бойынша орындалатын жол жұмыстарына қадағалау жұмыстарын енгізуді, сондай-ақ ККМ персоналын және осы әдістерге жергілікті мамандарды оқытуды;

(с) осындай мәселелер бойынша саудаластыққа дайындық, келісімшарттың атқарылуын бақылау, шығындардың деңгейін бақылау ретінде қазақстандық мердігерлері үшін оқу бағдарламаларын дайындау, сапаны басқару мен бақылау;

(d) ККМ-нің жоғарыда аталған үш мәселе бойынша оқытудағы мүмкіншілігін арттыру; және

(е) консультациялар, оқулар, оқу сапарларын жүргізу және жолдың жай-күйін, көлік қозғалысын, деректерді өңдеу, жергілікті жерлерде және лабораториялық, қызметтік пайдалануға сынақтар жүргізу арқылы жолдың ішкі секторында ең негізгі Үкіметтік ұйымдардың институционалдық мүмкіндіктерін орнықты арттыру.

D тарауы: Жол-көлік заңдары, ережелері мен саясаты

Қазіргі заманғы құқықтық-көлік жүйесін әзірлеу және жол ішкі секторын бақылайтын режимді жетілдіру, сондай-ақ оны:

(а) жол және жол көлігі туралы заңдар мен ережелерді, мысалы, халықаралық жүк тасымалдауына арналған көлік құралдарының, көліктің көлемі мен салмағы, жол қозғалысының ережелері, көлік құралдарының жарамдылық және атмосфераға шығарып тастаулар мен автобус маршруттарын - халықаралық және ауылдық жерлерге пайдалану нормалары туралы ережелерді жетілдіру және әзірлеу, сондай-ақ ескірген немесе бір-біріне қайшы ережелерді бірте-бірте алып тастау; (қай жерде қолданымды болса);

(b) олардың сақталуын қамтамасыз ету, бірін-бірі қайталауды және тиімсіз бақылауды, болдырмау мекемелерді нығайту және тұрғындарды барынша толық хабардар етуді қамтамасыз ету бойынша мекемелердің функцияларын түсіндіру және жақсы үйлестіру жолымен заңдар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету туралы қызметті жетілдіру;

(с) жол көлігінің ішкі секторы бойынша деректерді жинау мен өңдеу және оның дамуын байқау; жүйелерін жетілдіру

(d) жолаушы көлігінің - тәуелсіз автобус станцияларын құруды қоса алғанда халықаралық және ауылдық жердегі саласында неғұрлым бәсекелестік қабілеті бар қызмет көрсетуді дамыту;

(е) консультациялар мен оқыту жүргізу арқылы қамтамасыз ету.

E тарауы: Жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру

Жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға мыналар кіреді:

(а) жол қозғалысының қауіпсіздігі және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша алдын ала мемлекеттік жоспарды және оларда жалпы сипатта жол қозғалысының қауіпсіздігінің ұлттық саясатының негізгі ерекшеліктері көзделінетін осы секілді жоспарларды дайындау жөніндегі уақытша топтарды құру, басты іс-әрекет жақын арадағы жылдарда қолға алынатын болады; бақылауды жүзеге асыру бойынша міндеттерді айқындау;

(b) жол-көлік оқиғалары туралы деректерді жинау мен өңдеуді жетілдіру және оларды тарату (жол учаскелерінің аса қауіпті учаскелерін табу мен талдаудың әдістерін

жетілдіруді қоса алғанда);

(с) ең жаңа халықаралық әдістерді қолдана отырып, жол-көлік оқиғаларына егжей-тегжейлі экономикалық бағалау жүргізуде жергілікті мамандарға көмек көрсету және жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелері бойынша қазақстандық және халықаралық мекемелердің арасында байланыс орнатуға көмек көрсетуді қоса алғанда, Қазақстанда жол қауіпсіздігі мәселелерін зерделеуді жандандыру;

(d) құзыретті органдардың осындай қызметті орындауы үшін тиісті жабдықпен қамтамасыз етуін қоса алғанда, жол қозғалысының қауіпсіздігі бойынша ережелермен және тәртіптермен қамтамасыз етуін жақсарту;

(е) жастар мен қалың жұртшылықтың арасында жол қозғалысының қауіпсіздігі проблемаларын түсіну дәрежесін арттыру, өзге жәйттер мен бірге жол қозғалысының қауіпсіздігін насихаттау жөніндегі науқанды қоса алғанда, рульде жақсы отыру және қауіпсіз жүруге жәрдемдесу, оларға байланысты материалдарды тарату, мектептерде жол қозғалысы қауіпсіздігінің ережелеріне оқыту және осындай қауіпсіздік мәселелері бойынша нұсқаушылар мен оқытушыларды дайындау;

(f) қолда бар жабдықтың жай-күйіне талдау жасау және жол-көлік оқиғалары жағдайында қажетті қосымша медициналық және басқа жабдықты беру мүмкіндігі (жедел жәрдемнің жол бойындағы телефондық аппараттары); және

(g) консультациялар, оқытулар, оқу сапарларын жүргізу және деректерді жинау, оларды өңдеу және қызмет бабында пайдалану үшін жабдықтарды қамтамасыз ету.

F тарауы: Жобаны басқару

Аудит жүргізудегі қызмет көрсетулерді қоса алғанда

консультациялар жүргізу жолымен Жобаны басқару кезінде ЖЖТ-ның мүмкіншілігін кеңейту, офистер үшін жабдықтар, қызметтік үй-жайлар және материалдар, коммуналдық қызмет көрсетулер, жөндеу жұмыстары мен техникалық қызмет көрсетуді, жарнамалық-насихаттық қызметті, байланысты ұсыну, ЖЖТ-ның жұмысы үшін қажетті оқыту, іссапарлар және кез келген өзге де хабарлар мен қызмет көрсетулер.

Жоба 2003 жылдың 31 желтоқсанына қарай аяқталады деп болжанып отыр.

3-қосымша

Заемды бөліп-бөліп өтеудің кестесі

(АҚШ долларымен)

<*>

2004 жылғы 15 қыркүйек	2,120,000
2005 жылғы 15 наурыз	2,185,000
2005 жылғы 15 қыркүйек	2,245,000
2006 жылғы 15 наурыз	2,315,000
2006 жылғы 15 қыркүйек	2,380,000
2007 жылғы 15 наурыз	2,455,000
2007 жылғы 15 қыркүйек	2,525,000
2008 жылғы 15 наурыз	2,600,000
2008 жылғы 15 қыркүйек	2,675,000
2009 жылғы 15 наурыз	2,755,000
2009 жылғы 15 қыркүйек	2,835,000
2010 жылғы 15 наурыз	2,920,000
2010 жылғы 15 қыркүйек	3,005,000
2011 жылғы 15 наурыз	3,095,000
2011 жылғы 15 қыркүйек	3,185,000
2012 жылғы 15 наурыз	3,280,000
2012 жылғы 15 қыркүйек	3,375,000
2013 жылғы 15 наурыз	3,475,000

2013 жылғы 15 қыркүйек	3,575,000
2014 жылғы 15 наурыз	3,680,000
2014 жылғы 15 қыркүйек	3,790,000
2015 жылғы 15 наурыз	3,900,000
2015 жылғы 15 қыркүйек	4,015,000
2016 жылғы 15 наурыз	4,135,000
2016 жылғы 15 қыркүйек	4,255,000
2017 жылғы 15 наурыз	4,380,000
2017 жылғы 15 қыркүйек	4,510,000
2018 жылғы 15 наурыз	4,465,000
2018 жылғы 15 қыркүйек	4,780,000
2019 жылғы 15 наурыз	4,915,000

<*>

- Осы бағандағы цифрлар Жалпы шарттардың 4.04 (d) Бөліміндегі көзделгендерден басқа, өтеуге жататын доллардағы соманы білдіреді.

4-Қосымша

Сатып алулар және консультанттардың қызмет көрсетулері

1-бөлім

Тауарларды сатып алу және жұмыстарды қамтамасыз ету

А тарауы

Жалпы ережелер

Тауарлар Банктің 1995 жылғы жариялаған "ХҚДБ Заемдары мен МАР несиелері бойынша сатып алулардың ережелері" және 1996 жылдың қаңтарында және тамызында, 1997 жылдың қыркүйегінде қайта қаралған (Ережелер) және осы Бөлімнің төмендегі ережелеріне сәйкес сатып алынады және жұмыстар қамтамасыз етіледі.

В тарауы

Халықаралық бәсекелесті саудаластықтар

1. Осы Бөлімнің С тарауында өзгеше көзделінетін жағдайларды қоспағанда, тауарлар ережелердің II бөлімнің қағидаларына және оған 1-қосымшаның 5-тармағының тәртіптеріне сәйкес жасалған келісімшарттар бойынша сатып алынады және жұмыстар қамтамасыз етіледі.

2. Мынадай ережелер осы В тарауының 1-тармағының ережелеріне сәйкес жасалған келісімшарттар бойынша сатып алынатын және қамтамасыз етілетін тауарлар мен жұмыстарға қолданылады.

(a) Қайта бағалау құны 5 000 000 және одан көп АҚШ долларын құрайтын инженерлік құрылыс жұмыстарының құны тәртіптің 2.09 және 2.10-тармақтарының ережелеріне сәйкес қайта бағалауға түседі.

(b) Келісімшарттарды топтар бойынша бөлу

Инженерлік құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған келісімшарттар мүмкіндігіне қарай ұсынылған бағалардың пакеттері бойынша бөлінетін болады, олардың әрқайсысының құны АҚШ долларына есептегендегі бағалауларға сәйкес 4000000 немесе одан астамды құрайды.

(c) Осы елде өндірілген тауарларға үстемдік беру

Тәртіптің 2.54 және 2.55-тармақтарының ережелері және оған 2-қосымша Заемшының аумағында өндірілген тауарларға қолданылады.

(d) Құлақтандыру және жарнама

Құны АҚШ долларына есептегендегі бағалауларға сәйкес 10000000-ды немесе одан астамды құрайтын әрбір келісімшарт бойынша қайта бағалау

жүргізуге немесе баға тағайындауға шақыру Тәртіптің 2.8-тармағына сәйкес ірі келісімшарттарға қолданылатын рәсімдерге орай жарияланады.

С тарауы

Сатып алулардың басқа да рәсімдері

1. Халықаралық сатып алулар

Құны келісімшартта АҚШ долларымен есептегенде 200000-нан кем және 1000000-нан асатын тауарлар Тәртіптің 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес халықаралық сатып алу рәсімдерінің негізінде жасалған келісімшарттар бойынша сатып алынады.

2. Ұлттық сатып алулар

Құны келісімшартта АҚШ долларымен есептегенде 75 000-нан кем және 350000-нан асатын тауарлар Тәртіптің 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес халықаралық сатып алу рәсімдерінің негізінде жасалған келісімшарттар бойынша сатып алынады.

Д тарауы

Банктің сатып алулар туралы шешімдерді қарауы

1. Сатып алуларды жоспарлау

Саудаластықтарды қайта бағалауға шақыруларды беруге немесе келісімшарттарға бағалар тағайындауға дейін Банкке Тәртіптің 1-қосымшасы 1-тармағының ережелеріне сәйкес Жоба үшін ұсынылатын сатып алулардың жоспарын қарау және мақұлдау ұсынылады. Барлық тауарды сатып алу және барлық жұмыстарды қамтамасыз ету Банк мақұлдаған осындай сатып алу жоспарына және жоғарыда аталған 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Алдын ала қарау

(a) Осы Бөлімнің В.1 тарауына сәйкес сатып алынатын әрбір келісімшартқа қатысты Тәртіптің 1-қосымшасының 2 және 3-тармақтарында жазылған рәсімдер қолданылады.

(b) осы Бөлімнің С.1 және С.2 тарауларына сәйкес сатып алынатын әрбір

келісімшартқа қатысты мынадай рәсімдер қолданылады:

(i) қандай да бір болмасын сатып алушыны таңдағанға дейін Заемшы Банкке алынған ұсыныстарды салыстыру және бағалау туралы есепті ұсынады;

(ii) қандай да бір болмасын келісімшартты атқарғанға дейін Заемшы Банкке ерекшеліктердің көшірмесін және келісімшарттың жобасын ұсынады; және

(iii) Тәртіптің 1-қосымшасының 2(f) және 2(g) және 3-тармақтарында жазылған рәсімдер қолданылады.

II бөлім

Консультанттарды жалдау

A тарауы

Жалпы ережелер

Консультанттардың қызмет көрсетулері Банктің 1997 жылғы қаңтарда жариялаған және 1997 жылғы қыркүйекте қайта қаралған (Консультанттар туралы ереже) және осы Қосымшаның 2-бөлімінің мынадай ережелері мен "Тәртіп: Дүниежүзілік Банк Заемшыларының консультанттарды іріктеуі және жалдауының" деген Кіріспе бөлімі мен IV бөлімінің ережелеріне сәйкес сатып алынады.

B тарауы

Сапа мен құнына негізделген іріктеу

Осы Бөлімнің С тарауында өзгеше көзделетін жағдайларды қоспағанда консультанттардың қызмет көрсетулері Консультанттар туралы ереженің II бөлімінің, оған 1-қосымшаның 3-тармағының, оған 2-қосымшаның ережелеріне және сапа мен құнына негізделген консультанттарды іріктеулер қолданылатын 3.13-тен бастап 3.18-ге дейінгі тармақтардың ережелеріне сәйкес жасалатын келісімшарттар бойынша сатып алынады.

С тарауы

1. Консультанттарды іріктеудің басқа рәсімдері

Құны АҚШ долларына есептегенде кемінде 100000 АҚШ долларын құрайтын бағалауларға сәйкес қызмет көрсетулер Консультанттар туралы ереженің 3.1 және 3.7-тармақтарының ережелеріне сәйкес жасалған келісімшарттар бойынша сатып алына алады.

2. Жеке консультанттар

Консультанттар туралы ереженің 5.1-тармағында жазылған талаптарға сәйкес келетін міндеттерді шешу жөніндегі қызмет көрсетулер Консультанттар туралы ереженің 5.1-ден бастап 5.3-тармақтарының талаптарына сәйкес жеке консультанттармен жасалған келісімшарттар бойынша сатып алынады.

D тарауы

Банктің консультанттарды іріктеуді қарауы

1. Іріктеуді жоспарлау

Консультанттарға ұсыныстар енгізу туралы қандай да бір болмасын өтініш жасағанға дейін Жобаға сәйкес консультанттарды іріктеудің ұсынылатын жоспары Банкке Консультанттар туралы ереженің 1-қосымшасының 1-тармағының талаптарына сәйкес оған қарауға және мақұлдауға табыс етіледі. Консультанттардың барлық қызмет көрсетуін іріктеу Банк мақұлдаған іріктеудің осындай жоспарына және жоғарыда аталған 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Алдын ала қарау

(а) Консалтингтік компанияларды жалдау үшін әрбір келісімшартқа

қатысты айтар болсақ, Консультанттар туралы ереженің 1-қосымшасының 2 (а) және 5-тармақтарының 3-тармақшасынан ерекшеленетін 1, 2-тармақтарында

жазылған рәсімдер қолданылады.

(b) Жеке консультанттарды жалдау үшін әрбір келісімшартқа қатысты Банкке консультанттардың біліктілігі, қызметінің стажы, өкілеттігінің шеңбері және жалдау шарттары туралы мәліметтер алдын ала қарауға және мақұлдауға ұсынылады. Келісімшарт жоғарыда аталған мақұлдау берілген соң ғана жасалады.

5-қосымша

Жүзеге асыру бағдарламасы

1. Заемшы:

(a) стратегияны жүргізеді және рәсімдерді сақтайды, олар оған тиісінше Банк үшін қабылданымды көрсеткіштерге сәйкес тұрақты негізде ағымдағы бақылау мен бағалау жүргізуге, өзінің мақсаты үшін Жобаны жүзеге асыруға және өзінің мақсатына жетуге мүмкіндік береді;

(b) Банк үшін қабылданымды өкілеттіктер шеңберіне сәйкес Банкке осы Бөлімнің (a) тармағына сәйкес жүргізілген ағындағы бақылау мен бағалау бойынша жұмыстардың бірыңғай тұтас нәтижелері біріктірілген есепті, осы жоғарыда аталған датадан кейінгі уақыт аралығының ішінде нәтижелердің Жобасын жүзеге асыруға қол жеткізілгені және Жобаны табысты қамтамасыз ету үшін осы датадан кейінгі уақыт аралығындағы мақсаттарға жету үшін ұсынылатын шараларды белгілейтін есепті дайындайды және оны 2001 жылдың 31 желтоқсанына немесе шамамен осы мерзімдерде; және

(c) Банкпен - 2001 жылдың 31 наурызына дейін немесе осы мерзімнен кезең Банктің өтініші бойынша осы тармақтың (b) тармақшасында айтылған есепті қарайды және бұдан соң жоғарыда аталған есептің қорытындылары мен ұсынымдарына және мәселе бойынша Банктің пікірін негізге ала отырып Жобаның табысты аяқталуын қамтамасыз ету және оның мақсаттарына жету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Заемшы жобаны орындау жөніндегі жұмыс тобын құрады және жоба аяқталғанға дейін оны Жоба бойынша бүкіл қызметті үйлестіру үшін ИЖБ құрамында сақтайды және осындай түрде және осындай құрамда, осындай ұйыммен ЖЖТ тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бұған Банк үшін қабылданымды қаржы қызметін басқару және бақылау объектілерді және өзге де ресурстарды, қаражатты бақылау жүйесі кіреді. ЖЖТ әрбір күнтізбелік жылға Жобаны орындау кезінде Банк үшін қабылданымды алдағы жылға көзделген шығыстардың жылдық сметасын дайындайды.

3. Заемшы Жобаның D тарауына сәйкес қызметті үйлестіру үшін АЖТ, ККМ Көлік

инспекциясының және ККМ Заң бөлімінің өкілдерін қамтитын жұмыс тобын Жоба аяқталғанға дейін сақтайды және ЖТ-ның осындай түрде және осындай құрамда, Банк үшін қабылданымды қаражатпен, объектілермен және ресурстармен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

4. Заемшы 1999 жылдың 31 желтоқсанына келісімшарттарды бағдарламалау, жасау және Алматы-Қарағанды трассасына күнделікті және қысқы жағдайларда техникалық қызмет көрсетулер мен ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру үшін Банк үшін қабылданымды жүйелерді, рәсімдер мен техникалық стандарттарды әзірлейді, қабылдайды және енгізеді.

5. Заемшы егер Жобаға сәйкес жолға қайта жаңарту үшін мұндай қажет

болса, және қоршаған ортаға және тұрғындарға қатысты Банктің қабылданымды стратегиясына сәйкес Банк үшін қабылданымды түрде жүргізілетін болса, кез келген жаңа учаскелерінің құрылысын салуды қамтамасыз етеді.

6. Жобаның А.2 тарауын орындағанға дейін Заемшы Жобаның А.2 тарауына сәйкес қайта жаңартуға қатысты Банк үшін қабылданымды құзырет пен көлемде және детальдарға орай экономикалық, техникалық, табиғат қорғау және жұмыс деректері мен ақпаратты әзірлейді.

6-Қосымша

Арнаулы шот

1. Осы Қосымшаның мақсаты үшін:

(a) "Қабылданымды санаттар" деген термин осы Келісімнің 1-қосымшасының 1-тармағындағы кестеде келтірілген (1), (2), (3) және (4) санаттарды білдіреді;

(b) "Қабылданымды шығыстар" деген термин Жоба үшін қажетті және Заем қаражатынан қаржыландырылатын осы Келісімнің 1-қосымшасының ережелеріне сәйкес қабылданымды санаттар бойынша ұдайы аударылатын тауарлар мен қызмет көрсетулердің қабылданымды құнына қатысты шығыстарды білдіреді; және

(c) "Рұқсат етілген аудару" деген термин осы қосымшаның 3а тармағына сәйкес несие шотынан алынатын және арнаулы шотта сақталатын АҚШ долларына есептегенде 7 000 000 құрайтын соманы білдіреді, алайда, егер Банк өзге шешім қабылдамаған жағдайда - рұқсат етілген аудару несие шотынан алынған қаражаттың жиынтық сомасы, мұның үстіне жалпы Шарттардың 5.02-бөліміне сәйкес Банк өзіне

алған барлық міндеттемелер бойынша төлемге ұсынылмаған жалпы сома АҚШ долларымен есептегенде 14 000 000-ды құрайтын сомаға тең немесе одан асқанға дейін АҚШ долларына есептегенде 3 500 000 сомаға дейін шектелінетін болады.

2. Арнаулы шоттан төлемдер осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес тек қабылданымды шығыстарға қатысты ғана жүргізіледі.

3. Банк өзі үшін арнаулы шот тиісті түрде ашылғандығына растау алған соң рұқсат етілген аударым сомасын алу және қаражатты арнаулы шотты толықтыру үшін бұдан кейінгі алу мынадай түрде жүргізіледі:

(a) Заемшы рұқсат етілген аударым қаражатын алу үшін Банкке арнаулы шотта рұқсат етілген аударымның жиынтық сомасын немесе одан аспайтын соманы сақтау туралы сұрау салуды немесе сұрау салуларды ұсынады. Осындай сұрау салудың немесе сұрау салулардың негізінде Банк Заемшының атынан несие шотынан осындай соманы немесе Заемшы сұрау салған сомаларды несие шотынан алады және арнаулы шотқа сақтайды

(b) (i) Заемшы арнаулы шотты толықтыру үшін Банкке арнаулы шотта Банк айқындайтын жүйеде сақтау туралы сұрау салуды ұсынады.

(ii) Заемшы әрбір осындай сұрау салуға дейін немесе соның сәтінде Банкке осы Қосымшаның 4-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар мен толықтыру сұралатын төлемі немесе төлемдерді, өзге де растауды ұсынады. Әрбір осындай сұрау салудың негізінде Банк Заемшының атынан Заемшы сұрау салған, жоғарыда аталған құжаттарда көрсетілген және өзге растауда көрсетілген қабылданымды шығыстарға қатысты арнаулы шоттан төленетін осындай соманы несие шотынан алады және арнаулы шотқа сақтайды. Барлық осындай салымдарды Банк осы жоғарыда аталған құжаттармен және басқа да растаулармен негізделген тиісті баламды сомалардағы қабылданымды санаттар бойынша несие шотынан алады.

4. Арнаулы шоттан Заемшы жүргізген әрбір төлем бойынша Заемшы Банк сұраған мерзімдерде Банкте мұндай төлемнің тек қабылданымды шығыстар бойынша жүргізілетінін көрсететін осындай құжаттар мен растауларды ұсынады.

5. Осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне қарамастан, Банк:

(a) егер бұдан кейінгі алу Жалпы шарттардың V бабының және осы Келісімнің 2.02-бөлімінің (a) тармағының ережелеріне сәйкес несие шотынан Заемшы тікелей толық жүргізілуі тиіс деп кез келген уақытта айқындайтын болса;

(b) егер Заемшы осы Келісімнің 4.01(b) (i) бөлімінде көрсетілген мерзімнің ішінде есеп құжаттарының аудитіне және арнаулы шот бойынша шоттарға қатысты жоғарыда аталған бөлімге сәйкес талап етілетін Банк аудит туралы есептердің әлдебірін ұсынбаған болса;

(c) егер Банк кез келген уақытта Заемшыға Жалпы шарттардың 6.02-бөлімінің ережелеріне сәйкес Заемшының несие шотынан қаражатты алуды жүргізу құқығын толық немесе ішінара тоқтату туралы өзінің ниетін хабарлаған болса; немесе

(d) Заемның қабылданымды санаттар бойынша аударылатын жиынтығындағы алынбаған сомасы және минус Жобаға қатысты Жалпы шарттардың 5.02-бөліміне сәйкес Банк өзіне алған барлық арнаулы міндеттемелер бойынша төлемге ұсынылмаған жалпы сома рұқсат етілген аударым сомасының екі есе баламына тең болса. Қабылданымды санаттар бойынша аударылатын заемның қалған алынбаған сомасын несие шотынан алғаннан кейін, мұндай рәсімдерді Заемшыға хабарлауды Банк айқындайды. Қаражатты одан әрі алу Банк талаптарына жауап беретін осындай хабарландыру датасында арнайы шотта сақтауда қалған барлық осы секілді сомалар Банктің талабына жауап беретін мөлшерде ғана қабылданымды шығыстар бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын болады.

б. (a) Егер Банк кез келген төлемнің:

(i) шығыстар бойынша немесе осы Қосымшаның 2-тармағы үшін қабылданымсыз сомада жүргізілгендігін; немесе

(ii) Банкке ұсынылған растаумен негізделмегендігін кез келген уақытта айқындайтын болса,

Заемшы Банктің хабарландыруын алуы бойынша:

(A) Банк сұрауы мүмкін осындай қосымшаны растауды ұсынады; немесе

(B) арнаулы шотты (немесе) егер Банк осылай сұраса, Банкке қайтарады (қабылданымды) немесе негізделмеген осындай түрде болып табылатын осындай төлемнің немесе оның бір бөлігінің сомасына тең соманы сақтайды.

Егер Банк өзге шешім қабылдамаған жағдайда Банктің арнаулы шотқа ештеңені одан әрі сақтауы Заемшы осындай растауды ұсынғанға немесе міндеттемелеріне қарай осындай сақтауды жүргізгенге немесе қайтарғанға дейін жүргізілмейді.

(b) Егер Банк арнаулы шотқа төлемге ұсынылмаған кез келген соманың қабылданымды шығыстарға қатысты бұдан арғы төлемдерді жабуы үшін талап етілмейтіндігін кез келген уақытта айқындаса, Заемшы Банктің хабарландыруын алуы бойынша дереу Банкке төлемге ұсынылмаған осындай соманы қайтарады.

(c) Заемшы Банкке хабарлай отырып арнаулы шотта сақтаулы қаражаттың бәрін немесе бір бөлігін Банкке қайтарады.

(d) Банкке осы қосымшаның б(а), (b) және (c)-тармақтарына сәйкес жүргізілген қаражаттарды қайтару Жалпы шарттарды қоса алғанда, осы Келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес одан әрі алу немесе жою үшін несие шотына кредитке жазылады.

Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі

1995 жылғы 30 мамырдағы моновалюталық

заемдардың шеңберіндегі заемдар туралы
шарттарға және кепілдік шарттарына
қолданылатын жалпы ережелер
(1997 жылғы 2 желтоқсанда рецензияланған)

Вашингтон, Колумбия

1995 жылғы 30 мамырдағы бір ғана валюталық
заемдардың шеңберіндегі заемдар туралы
шарттарға және кепілдік шарттарына
қолданылатын жалпы ережелер
(1997 жылғы 2 желтоқсанда рецензияланған)

I бап

Заемдар туралы шарттарға және Кепілдікті
шарттарына қойылатын талаптар

1.01-бөлім. Жалпы ережелерді қолдану

Жалпы ережелер терминдерге анықтамалар береді және осы келісімдерде

белгіленген кез келген өзгерістерге сәйкес және оларды орындау жағдайында
заем туралы шартқа және Кепілдік шартына қолданылатын талаптарды
белгілейді.

1.02-бөлім. Заем туралы шарттар мен Кепілдік шарттары ережелерінің
Жалпы ережелерге сәйкессіздігі

Егер Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының қандай да бір
болмасын ережесі осы Жалпы ережелердің шарттарына қайшы келетін болса,
онда кез келген жағдайда Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының
ережесі айқындаушы болып табылады.

II бап

Анықтамалар; Тақырыптар

2.01-бөлім. Анықтамалар

Төменде санамаланған терминдердің Жалпы ережелердің, Заем туралы шарттардың, не Кепілдік шарттарының кез келген контекстерінде мынадай мәні бар:

1. "Активтер" мүлікті, түсімдерді және кез келген түрдегі талап-арыздарды қамтиды.
2. "Ассоциация" - Халықаралық Даму Ассоциациясы.
3. "Банк" - Халықаралық қайта жаңарту және даму банкі.
4. "Заемшы" - Заем туралы шартқа қатысушы заем берілетін тарап.

5. "Заемды жабу датасы" Заем туралы шартта айқындалған, датаны білдіреді одан соң Банк Заемшыға немесе Кепілдік берушіге құлақтандыру жасау арқылы заемшыны заем шотынан қаражат алу құқығынан айыра алады.
6. "Валюта" - елдің ақша бірлігі, Халықаралық валюта қорының қарыз алуының арнаулы құқығы, еуропа валюта бірлігі және Банктің осындай міндеттемелердің шеңберінде борышқа қызмет көрсету жөніндегі борыштық міндеттемесі ұсынылған кез келген есеп айырысу бірлігін білдіреді. "Елдің валютасы" - осы елде мемлекеттік және жеке борыштар бойынша төлем қаражаты болып табылатын металл немесе қағаз ақшалар.
7. "Dollar", "\$" белгісі және "USD" аббревиатурасы Америка Құрама Штаттарының ақша бірлігін білдіреді.
8. "Күшіне ену датасы" - 12.03-бөлімге сәйкес Заем туралы шарт пен Кепілдік шартының күшіне ену датасы.
9. "Еуропа валюта бірлігі" және "ЭКЮ" - Еуропа ақша жүйесінде қолданылатын бірлігіне құны бойынша еуропа валютасының бірлігіне тең валюта.
10. "Сыртқы борыш" - Заемшы немесе Кепілдік беруші болып табылатын елдің валютасына қарағанда өзге валютада төлеуге жататын немесе төленуге жатуы мүмкін борыш.
11. "Кепілдік шарты" - Банктің мүшесі мен Банктің арасындағы оларға түзетулер енгізу мүмкіндігімен заем бойынша кепілдіктерді көздейтін борыш. Кепілдік шарты Жалпы Ережелердің аталмыш жағдайға қолданымды деректерін, сондай-ақ Кепілдік шартын толықтыратын барлық қосымшалар мен уағдаластықтарды қамтиды.
12. "Кепілдік беруші" - Кепілдік шартының қатысушысы болып табылатын Қайта жаңарту және Даму Банкінің мүшесі.
13. "Борыштық міндеттемені қабылдау" - борыштық міндеттемені және ол бойынша

кепілдіктерді тану, сондай-ақ борыштық міндеттемені бастау, ұзарту немесе оның шарттарына өзгерістер кез келген қайта енгізу немесе осындай міндет бойынша кепілдіктерді тану.

14. "Заем" - Заем туралы шартта көзделген заем.

15. "Заемдық шот" - Банктің өзінің шоттық кітаптарында ашылған Заемның сомасы аударылатын заемшының атына шот.

16. "Заем туралы шарт" - Банк пен Заемшының арасындағы заем бөлуді және шартқа түзетулер енгізуді көздейтін Заем туралы шарт. Заем туралы шарт Жалпы ережелердің деректерін, сондай-ақ Заем туралы шартты толықтыратын барлық толықтырулар мен уағдаластықтарды қамтиды.

17. "Заемды қамтамасыз ету" - ипотекалар, салым қағаздары, міндеттемелер, артықшылықтар мен кез келген үлгідегі үстем құқықтар.

18. "Жоба" - Заем туралы шартта айтылған, заем берілетін жоба немесе бағдарлама, оған жоғарыда айтылғанындай Банк пен Заемшының арасындағы келісім бойынша өзгерістер енгізіліне алады.

19. "Моновалюта" - Кредит берілген валюта, түрлі валюталармен берілген транштар түріндегі кредит жағдайында - нақты транш ұсынылған валюта.

20. "Соновалюталық заемдар" - бұл Банктің өзінің қалауы бойынша бөлетін Заем және белгілі бір валютада алынған барлық өзге де заемдық қаражат немесе валюталық транштар не осындай заемдық қаражаттың немесе транштардың бөліктері.

21. "Салықтар" - Заем туралы шартты жасасу сәтінде олар

қолданғандығына-қолданылмағандығына немесе кейін күшіне енгендігіне қарамастан түрлі сипаттағы салықтар, алымдар, жарналар, баждар.

2.02-бөлім. Сілтемелер

Осы Жалпы жағдайлардағы Баптарға немесе Бөлімдерге сілтемелер осы Жалпы ережелердің Баптары мен Бөлімдеріне беріледі.

2.03-бөлім. Тақырыптар

Баптар мен Бөлімдердің тақырыптары, сондай-ақ мазмұны тек анықтамалық мақсат үшін ғана енгізілген және Жалпы ережелердің бөлігі болып табылмайды.

III бап

Заемдық шот. Проценттер мен Айыппұлдық санкциялар. Өтеу.

Төлемдерді жүзеге асыру орны

3.01-бөлім. Заемдық шот

Заемдық шоттағы Заем туралы шартқа және одан Заемшы осы Жалпы ережелерге сәйкес одан ала алатын Заем сомасы.

3.02-бөлім. Заемды пайдаланбағаны үшін айыппұлдық санкциялар

Заемшы қаражатты Заем туралы шартта айтылған ставка бойынша пайдаланбағаны үшін өсімақы төлейді. Өсімақы Заем туралы шарт жасалған күннен бастап 60 күн өткен соң және қаражатты алу сәтіне дейін не олардың күшін жойғанға дейін есептеледі.

3.03-бөлім. Проценттер

Заемшы Заем шотынан алынған және өтелмеген сомалардан Заем туралы шартта көзделген ставка бойынша проценттер төлейді. Проценттер осындай сомалардан алынған тиісті датасынан бастап есептеліне бастайды.

3.04-бөлім. Өтеу

(a) 4.04 (1c) бөлімде жазылғанды қоспағанда, Заемшы Заем туралы шарттың ережелеріне сәйкес Заем шотынан алынған Заемның негізгі сомасын өтеуге тиіс.

(b) 4.04 (e), (i) бөлімінде жазылғанды болдырмай, қырық бес күннің ішінде 3.04 (c) бөлімге сәйкес есептелген барлық проценттер мен сыйлықақыларды төлеу бойынша және Банкті кемінде құлақтандырған соң, Заемшының кредитті Банк үшін қабылданымды өтеуге құқығы мынадай өтеу мерзімі басталғанға дейінгі датада өтеуге құқығы бар: (i) осы сәтте өтелмеген Заемның барлық негізгі сомасын; немесе (ii) мынадай шартпен бір немесе бірнеше өтеу мерзімдерімен барлық негізгі соманы:

(A) Заем туралы шартта егер Заемның негізгі сомасының пайдаланылған көлемдерін өтеудің арнаулы кестесі көзделген болса, алдын ала төлемдер бірінші кезекте шоттан алынған Заемдардың сомасы, соңғы кезекте оларды өтеудің мерзімі соңғы ол айқындалған мерзімдерде өтелетін кезде қаражатты пайдаланудың кері тәртібімен жүргізілуі тиіс; және (B) барлық қалған жағдайларда алдын ала төлем кейінгі кезекте өтеу үшін айқындалған заем сомалары бірінші кезекте өтелетін кезде өтеудің белгіленген мерзімдерінің кері тәртібінде жүргізілуі тиіс.

(c) Өтеудің түрлі мерзімдері бойынша заемдарды мерзімінен бұрын өтегені үшін осы Бөлімнің (b) тармағына сәйкес төленетін сыйлықақыларды Банк айқындайды және ол Банктің негізді айқындаған және Банктің алдын ала төлеу датасы мен өтеу датасының арасындағы кезеңде алдын ала төленетін

сомаларды қайта орналастыру бойынша барлық шығыстарын көрсететін соманы білдіреді.

3.05-бөлім. Төлемдерді жүзеге асыру орны

Заемның негізгі сомасы (сыйақыларды қоса алғанда, егер мұндайлар көзделген болса), сондай-ақ ол бойынша проценттер мен басқа да есептеулер Банктің негізді түрде ұсынатын орындарында төленеді.

IV бап

Валюта туралы ережелер

4.01-бөлім. Қаражат алынатын валюта

Егер Банк пен Заемшы өзгеше келіспеген жағдайда, Заем шотынан қаражат заем қаражатының есебінен қаржыландырылатын шығыстар төленіп келген немесе төленуге жататын валютаға сәйкес алынады; алайда Заемшы немесе Кепілдік беруші болып табылатын Банктің мүшесінің валютасындағы шығыстарды жабу үшін алынатын қаражат Банк мерзім сайын негізді түрде белгілейтін валютада немесе валюталарда төлену шарты сақталуы тиіс.

4.02-бөлім. Заемдық шот

(а) 4.02 (b) бөлімде жазылғанды қоспағанда алу датасында Заем шоты моновалютада және онда моновалютада жүргізіледі Заем шеңберінде түрлі валюталарда алынған сомалардың баламы тіркеледі. Осылайша барлық тіркелетін сомалар алынған валютаның немесе алынған валютаны осындай алуды қамтамасыз ету үшін басқа валютаның көмегімен Банк сатып алған жағдайларды қоспағанда, валюталардың баламы болып табылады, сөйтіп Заем шотында банктің төлемдерді жүргізу үшін пайдаланған осы басқа валютасы сомасының баламы тіркеледі.

(b) Заемдарды Түрлі валютаны білдіретін бірнеше транш түрінде берген жағдайда, Заем шоты бірқатар қосымша шоттарға бөлінеді, олардың әрқайсысы әрбір транш бойынша Моновалютада жүргізіледі. Әрбір қосымша шот бойынша қаражатты алу датасында тиісті транштың шеңберінде түрлі валютада түрлі транштан әр кезде

алынатын сомалардың баламы тиісті моновалютаға тіркеледі. Осылайша барлық тіркелген сома осындай алуды қамтамасыз ету үшін Банк басқа валютаның көмегімен алынған валютаны сатып алған жағдайларды қоспағанда, алынған валютаның немесе валюталардың баламын білдіреді, сөйтіп қосымша шотта Банк төлеген сол басқа валюта сомасының баламы тіркеледі.

4.03-бөлім. Төлемдер жүзеге асырылатын валюта

4.04 (e) (ii) бөлімде көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі соманы өтеу және сыйлықақыларды, проценттер мен басқа да төлемдерді төлеу Моновалютада жүзеге асырылады.

4.04-бөлім. Валютаны уақытша ауыстыру

(a) Егер Банк Моновалютаның заемдарды моновалютада қаржыландыруды қамтамасыз ете алмайтын деп төтенше жағдай пайда болды, негізді түрде анықтаса, онда Банк осы мақсаттар үшін өзінің қалауы бойынша басқа валютаны немесе бірнеше түрлі валюталарды уақытша пайдаланып, сондай-ақ моновалютадағы және моновалюталық заемдардың шеңберінде уақытша пайдаланатын валюталық сомалардың мөлшерін бағалау үшін уақытша валюта пулін құра және оны басқара алады.

(b) Банк Кепілдік беруші мен Заемшыны мұндай уақытша валюта пулін құғаны немесе оны таратқаны туралы дереу құлақтандырылады.

(c) Әрбір уақытша валюталық пул:

(i) 4.04 (a) бөлімнің ережелеріне сәйкес барлық осындай сомаларды бағалауды қамтамасыз ету үшін, Моновалютаға қатысты уақытша валюталық пулдің құнының өзгерісін тиісінше көрсету үшін Банк негізді түрде белгілеген принциптерге сәйкес басқарылады; және (ii) өзінің қызметін Моновалюта арқылы Моновалюталық заемдарды іс жүзінде қамтамасыз ету мүмкін болған кезде ғана тоқтатады.

(d) Банк Заемшыны құлақтандыру арқылы Заем туралы шартта көзделген, қандай бір тиімді уақытша валюталық пулді құрған соң өтеуге жататын заемдарды өтеудің кез келген бір немесе бірнеше мерзімі бойынша 4.04 (c) (i) бөлімге сәйкес құнының өзгерістерін есепке алу үшін негізгі соманы өзгерте алады:

(e) Кез келген осындай уақытша валюталық пулдің қолданылуы мерзімі уақытында:

(i) Заемды өтеу бойынша алдын ала төлеу жөніндегі сыйақылар төленбеуі тиіс;

(ii) Негізгі соманы, сондай-ақ проценттер және басқа да есептеулер бойынша төлемдерді өтеу Моновалютада және Банк таңдап алған уақытша пайдаланылатын валютада жүзеге асырылады; және

(iii) Банк валютаны уақытша ауыстыруды қамтамасыз етудің негізделген құнын ескеру үшін Заем туралы шарттың шеңберінде төленетін проценттік ставканы түзете алады.

4.05-бөлім. Валюталарды сатып алу

Банк Заемшының талап етуі бойынша және өзінің жағдайында Заемшыға заем туралы шартта көзделген, Заемшының мерзім сайын банк айқындайтын валютада немесе валюталарда осы үшін жеткілікті қаражат енгізуі бойынша заемның негізгі бөлігін, проценттер мен басқа да есептеулерді төлеу үшін қажетті валюталарды сатып алу жөнінде барынша күш-жігерін жұмсауы тиіс. Қажетті валюталарды сатып алу кезінде Банк Заемшының агенті ретінде әрекет жасайды, ал Заемшы Заем туралы келісімнің шеңберінде ғана және Банк талап етілетін валютада немесе валюталарда осы төлемдерді алуы жағдайында кез келген қажетті төлемді жүзеге асырушы ретінде қаралады.

4.06-бөлім. Валюталарды бағалау

Барлық кезде осы Жалпы ережелердің деректері қолданылатын Заем туралы шарт немесе Кепілдік шарты немесе кез келген басқа келісім бойынша бір валютаның екінші валюта арқылы құнын айқындау қажет болған кезде, Банк ақылға сыйымды негізде осы құнды айқындайды.

4.07-бөлім. Төлемдердің тәртібі

(a) Заем туралы шартқа немесе Кепілдік шартына сәйкес Банктің қандай бір болмасын елдің валютасында жүргізетін кез келген төлемі осы елде Банктің депозитарийінде Банктің шотына осындай төлемді жүзеге асыру және осындай валютаны аудару мақсатында осы елдің заңдарында көзделген тәртіпте

және оның валютасында жүзеге асырылады.

(b) Заемның негізгі сомасы (сыйлықақыларды қоса алғанда, егер мұндайлар бар болса), сондай-ақ Заем бойынша проценттер мен есептеулер Банктің немесе Заемшы немесе Кепілдік беруші болып табылатын Банктің мүшесінің аумағында әрекет жасайтын қандай да бір болмасын шектеулерсіз төленеді.

Заем қаражатты алу

5.01-бөлім. Заем шотынан қаражатты алу

Заемшының Заем шотынан Заем туралы шарттың және осы Жалпы ережелердің қағидаларына сәйкес Жобаның мақсатында жұмсалған немесе Банктің келісімі бойынша пайдалануға жататын сомаларды алуға құқығы бар. Егер Банк пен Заемшы өзге туралы уағдаласпаса, қаражат: (а) Банктің мүшесі болып табылмайтын кез келген елдің аумағындағы шығыстарды жабу немесе осындай аумақтарда өндірілген тауарларды немесе осындай аумақтардан көрсетілетін қызмет көрсетулерді сатып алу үшін, немесе (б) жеке немесе заңды тұлғалардың кез келген төлемін немесе Банктің мәліметі бойынша БҰҰ Жарғысының VII тарауына орай Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сәйкес, егер мұндай төлем немесе импорт жағдайлар импорт үшін тыйым салынған төлем немесе импорт жағдайында импорт үшін шоттан алуға жатпайды.

5.02-бөлім. Банктің арнаулы міндеттемесі

Заемшының талап етуі бойынша және Банк пен Заемшының арасындағы келісілген шарттарда Банк Заемшыға немесе басқа тұлғаларға Банктің немесе Заемшының бастамашылығы бойынша кез келген кейінгі тоқтата тұруына немесе күшін жоюына қарамастан, Заемшының қаражатынан қаржыландырылатын шығыстардың бөлігі бойынша қаражатты төлеу жөнінде жазбаша нысанда арнаулы міндеттемелер қабылдай алады.

5.03-бөлім. Қаражатты алуға немесе арнаулы міндеттемені алуға арналған өтінімдер

Егер Заемшы Заем шотынан қандай да болмасын соманы алуға тілек білдірген немесе Банкке 5.02-бөлімге сәйкес арнаулы міндеттемені қабылдауға өтініш жасаған жағдайда, заемшы Банк негізді талап ететін осындай нысанда және осындай тұжырымдамалармен уағдаластықтарды білдіретін жазбаша өтінімді жолдайды. Осы Бапқа сәйкес қажетті құжаттаманы қоса алғанда, Жоба бойынша шығыстарға байланысты қаражатты алуға арналған өтінімдер уақытылы берілуі тиіс.

5.04-бөлім. Қайта бөлу

Заем туралы шартта көзделген Заемның қандай да бір болмасын сомасын немесе оның бір бөлігін бөлуге қарамастан, егер Банкте Заем туралы шартта көзделген немесе оған түзетулер енгізу жолымен енгізілген төлемдердің кез келген санаты бойынша бұрын бөлінген соманың осы санат бойынша барлық шығыстардың келісілген үлесін қаржыландыру үшін жеткіліксіз деп санайтын негіз болған кезде, Банк Заемшыны құлақтандыра отырып:

(a) мұндай санатты есептік тапшылықты жою үшін қажетті мөлшерлерде, Банктің пікірі бойынша, басқа санат үшін осы сәтте бөлінген, заемдық қаражатты басқа шығыстарды жабу үшін қажет болып табылмайтын қайта бөліп; және

(b) егер мұндай қайта бөлу есептік жетімсіздікті толық жаба алмайтын болса, осы санат бойынша барлық шығыстарды жабуға дейін осындай санаттың шеңберінде қаражатты алуды жалғастыру үшін осындай шығыстарға қолданылатын осы сәттегі алынатын қаражаттың проценттік үлесін қысқарта алады.

5.05-бөлім. Қаражатты алуға арналған өтінімдерге қол қою өкілеттіктерін растау

Заемшы Банкке қаражатты алуға өтінімдерге қол қоюға арналған тұлғаның немесе тұлғалардың өкілеттіктерін растауды және кез келген мұндай тұлғаның қолының куәландырған үлгісін ұсынады.

5.06-бөлім. Растайтын құжаттар

Заемшы Банктің талап етуі бойынша Банкке Банктің өтінімде сұралынған қаражатты алуға рұқсатты бергенге дейінгі және одан кейінгі құжаттарды және басқа да растауларды ұсынады.

5.07-бөлім. Өтінімдер мен құжаттардағы ақпаратты берудің толықтығы

Барлық өтінім мен оған ілеспе құжаттар, сондай-ақ басқа да растаушы қағаздар Банк Заемшының сұралған сомасын Заем шотынан алу құқығына және осы соманың Заем туралы шартта көзделген мақсатқа пайдалануға жататындығына көзі жетуі үшін мазмұнды болуы тиіс.

5.08-бөлім. Салықтарды төлеу

Банктің саясатына сәйкес заемдық қаражат Заемшының немесе Кепілдік берушінің шаруашылық қызметін жүргізу нәтижесінде туындайтын, немесе Заемшының немесе

Кепілдік берушінің аумағындағы тауарларға немесе қызмет көрсетулерге, немесе олардың импортына, өндіруге, сатып алуға немесе беруге қолданылатын салықтарын төлеу мақсатында алынуға жатпайды. Осы мақсатта, егер заемның қаражатынан қаржыландырылатын бапқа қатысты белгіленген немесе қандай да бір болмасын қатысы бар салықтарды сомасы

азаятын немесе өсетін болса, Банк Заемшыны құлақтандыра отырып, Банктің саясатын дәйекті жүргізуді қамтамасыз ету үшін Заем туралы келісімнің осындай бабынан белгіленген немесе қатысты оған көзделген алынатын қаражаттың процентін азайта немесе өсіре алады.

5.09-бөлім. Банктің төлемдері

Банк Заемшының Заемшының шотынан алған сомаларын тек Заемшыға немесе оның өкімі бойынша ғана төлейді.

VI бап

Күшін жою немесе тоқтата тұру

6.01-бөлім. Заемшының Заем қаражатының күшін жоюы

Заемшы Банкті құлақтандыра отырып, Заемшының 5.02-бөлімге сәйкес Заем бойынша Банк арнаулы міндеттеме қабылдаған қандай да бір болмасын соманы осылайша күшін жоя алмайтын жағдайын қоспағанда, Заемшының алмаған Заемның кез келген сомасының күшін жоя алады.

6.02-бөлім. Банктің Заемшының заемдық қаражатын алуға арналған құқығын тоқтата тұруы

Төменде санамаланған оқиғалардың пайда болуы және сақталуы кезінде:

Банк Заемшы мен Кепілдік берушіні құлақтандыра отырып, Заемшының Заемдық шотынан қаражатты алу құқығын толық немесе ішінара тоқтата алады.

(а) Заемшы: (i) Заем туралы шарттың шеңберінде; немесе (ii) заем туралы кез келген басқа шарттың немесе Банк пен Заемшының арасындағы кепілдіктердің шеңберінде;

немесе (iii) Заемшының келісімімен кез келген үшінші тарапқа қатысты Банктің алған кез келген түрдегі басқа кепілдігінің немесе басқа қаржылық міндеттемесінің салдарынан; немесе (iv) Заемшы мен Ассоциацияның арасындағы кредит туралы шартты дамыту туралы кез келген келісімнің шеңберінде заемның негізгі сомасы немесе проценттер, немесе Банкке немесе Ассоциацияға тиесілі кез келген басқа соманы төлеуді жүзеге асыра алмаса (мұндай соманы Тапсырма беруші немесе үшінші тарап жүзеге асыра алатын фактіге қарамастан):

(b) Кепілдік беруші: (i) Кепілдікті шарттың шеңберінде; немесе (ii) заем туралы кез келген басқа келісімнің немесе Кепілдік беруші мен Банктің арасындағы кепілдіктердің шеңберінде; немесе (iii) Кепілдік берушінің келісімімен кез келген үшінші тарапқа қатысты Банктің өзіне қабылдаған кез келген кепілдігінің немесе басқа қаржылық міндеттемесінің кез келген түрдегі салдарынан; немесе (iv) Заемшы мен Ассоциацияның арасындағы Кредит туралы шартты дамыту туралы кез келген келісімнің шеңберінде. Заемның негізгі сомасы немесе проценттер Банкке немесе Ассоциацияға тиесілі немесе кез келген басқа сома бойынша төлем жасауды жүзеге асыра алмаса.

(c) Заемшы немесе Кепілдік беруші Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының шеңберіндегі кез келген өзге міндеттемені орындай алмаса.

(d) Банк немесе Ассоциация Заемшының немесе Кепілдік берушінің Банкпен жасалған қандай да бір болмасын Заем туралы шарттың немесе Ассоциациямен жасалған Кредит туралы шартты дамыту туралы қандай да бір болмасын келісімнің шеңберіндегі, Банкпен жасалған осындай келісімнің немесе кез келген басқа келісімнің шеңберіндегі қандай да бір болмасын өзінің міндеттемелерін Заемшының немесе Кепілшінің қабілетсіздігіне байланысты қаражатты алуды жүзеге асыру құқығын толық немесе ішінара тоқтата тұрғанда.

(e) Заем туралы шартты жасаған соң орын алған оқиғалардың нәтижесінде Жобаны немесе Заемшы мен Кепіл берушінің өздерінің Заем туралы шарт немесе Кепілдік шарты бойынша міндеттемелерін орындауын жүзеге асыруды ықтимал етпейтін төтенше жағдай туындағанда.

(f) Банктің Заемшысы немесе Кепілдік берушісі болып табылатын мүшесіне: (i) Банкке мүшелігі немесе тоқтатыла тұрғанда тоқтатылған немесе (ii) Халықаралық валюта қорына мүшелігі тоқтатылғанда.

(g) Заем туралы шарт жасалған соң және оның күшіне датасына дейін, егер Заем туралы келісім күшіне енген датасында Банкке Заемшының Заем шотынан қаражатты алуды жүзеге асыруы құқығын тоқтата тұруға құқық беретін қандай да бір болмасын оқиға орын алған болса.

(h) Заемшының ұсынған ісінің жағдайындағы, егер Шарт күшіне енген датаға дейін олар орын алған болса, (Банктің мүшесі болып табылмайтын) Заемшының кез келген қолайсыз материалдық өзгерістері.

(i) Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының шеңберінде немесе осындай келісімдерге сәйкес Заемшының немесе Кепілдік берушінің жасаған ұсынысы немесе осындай келісімдерге байланысты бағытталған және Заемды беру үшін негіз ретінде Банктің пайдаланылуына арналған кез келген өтініші шын мәніндегі іс жүзінде шындыққа сәйкес болмай шықса.

(j) 7.01-бөлімнің (f) немесе (g) тармақтарында көзделген әлде бір оқиға болса.

(k) Төтенше жағдай пайда болса, онда Заем шеңберінде қаражатты одан әрі алу Банк туралы келісімнің 3-Бабының III-бөлімінің ережелеріне қайшы келетін болса.

(l) Заемшы немесе Жобаны жүзеге асырушы кез келген заңды тұлға банктің келісімінсіз (i) Заем туралы шарттың шеңберінде өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық қайта тапсырса немесе берсе; немесе (ii) меншігін немесе активтерін Заем қаражатының есебінен қаржыландырылатын ішінара немесе толық әлде бір біреудің билік жасауы үшін сатса, жалға өткізсе, берсе, қайта берсе, бұған Банктің пікірі бойынша (A) Заемшының Жобаның мақсатына жетуі бойынша Заем туралы шарттың шеңберіндегі өзінің міндеттемелерін орындауы қабілетіне материалдық немесе жағымсыз әсер етпейтін, немесе Жобаны жүзеге асыратын заңды тұлғаның Заем туралы шартта көзделген немесе оған сәйкес күшіне енген міндеттемелерін, не жобаның мақсатына жету үшін өзінің міндеттемелерін орындау қабілетінен материалдық немесе жағымсыз әсер етпейтін кәдімгі іскерлік операциялар кірмейді; және (B) Заемшының (Банктің мүшесі болып табылмайтын) не жобаны жүзеге асыратын заңды тұлғаның қаржы жағдайына немесе жұмысына материалдық немесе жағымсыз әсер етпейтін жәйттер кірмейді.

(m) Заемшы (Банктің мүшесі болып табылмайтын) немесе кез келген басқа орган жобаны жүзеге асыратын Заем туралы шартты жасасу күнінде ұсынған бұрынғы заңдық шаруашылық жүргізу нысанын тоқтатқанда.

(n) Заемшының (Банктің мүшесі болып табылмайтын) немесе Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлғаның қызметін реформалауға, ыдыратуға немесе тоқтата тұруға бағытталған кез келген іс-әрекет қабылданғанда.

(o) Банктің пікірі бойынша заемшы (Банктің мүшесі болып табылмайтын) немесе Жобаны жүзеге асырушы тұлғаның құқықтық сипаты, меншігінің түрі немесе басқару түрі Заем туралы шартты тапсырған күнінен қатысты өзгерді және заемшының (i) Заем туралы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындау немесе Жобаның мақсатына жету жөніндегі өзінің міндеттемелерін орындау қабілетіне; немесе (ii) Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлғаның Заем туралы шартта көзделген немесе күшіне енген міндеттемелерін орындауға не Жобаның мақсатына жетуге материалдық тұрғыда жағымсыз әсер ететін болса.

(p) Заем туралы шартта Осы бөлімнің аспектілеріне қатысты кез келген басқа оқиға болған болса.

Заемшының Заем шотынан қаражатты алу құқығы нақты жағдайға байланысты банк

нақты жағдайға байланысты заемшыға қаражатты алу қаражатты толық немесе ішінара алуға арналған оның құқығының қалыпқа келтірілгендігі туралы өзі хабарлайтын жағдайды қоспағанда құқығын тоқтатуға әкеп соққан оқиға өзінің жағымсыз әсерін тоқтатқанға дейін толық немесе ішінара тоқтатылған болып қала береді.

6.03-бөлім. Банктің Заемшының қаражатты алу құқығын жоюы

Егер (заемшының) (а) Заем шотынан қаражат алу құқығы Заемның кез келген сомасына қатысты 30 күн мерзімге тоқтатылса, не (b) Заемшымен консультациядан соң Банк өзінің қалауы бойынша Заем қаражатының есебінен қаржыландыру көзделген жоба бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін Заемның қандай да бір болмасын сомасы талап етілмейді деп айқындаса не (c) Банк Заемның қаражатынан қаржыландыруға жататын кез келген келісімшартқа қатысты келісімшарт бойынша сатып алу процесінде немесе осы келісімшартты атқару процесінде Заемшының немесе Заем бенефициарының өкілдері сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық жәйттеріне қатысы бар деп айқындаса, ал Заемшы банкті қанағаттандыратын уақтылы және тиісті шаралар қабылдамаса, Банк жағдайды түзетуі бойынша Заем қаражатынан қаржыландырылуы үшін басқа жағдайда қабылданымды болуы мүмкін осындай келісімшартқа қатысты шығыстардың сомасын белгілейді; немесе (d) Банк қандай да бір болмасын баптың шеңберіндегі сатып алуды Заем туралы шартта көзделген немесе аталған рәсімдерге сәйкес емес деп айқындаса, заем қаражатынан қаржыландыру үшін басқа жағдайда қабылданымды болуы үшін осындай бап бойынша шығыстардың сомасын белгілейді, не (e) Заемды жабу күні өткен соң Заемның белгілі бір сомасы Заемның шотында пайдаланусыз қалады не (f) Банк кепілдік берушіден 6.07-бөлімге сәйкес Заемның кез келген сомасына қатысты алады, банк Заемшыны және кепілдік берушіні құлақтандыру арқылы Заемшыны осы соманы алу құқығынан айырады. Құлақтандыру табыс етілген соң, Заемның бұл сомасы жойылады.

6.04-бөлім. Банктің бастамашылығы бойынша құқығына күшін жою немесе тоқтата тұру қолданылатын арнаулы міндеттеменің қолданылуына жататын сомалар

Банктің бастамашылығы бойынша құқықты жою немесе тоқтата тұру, осындай міндеттемеде ерекше ескертілген жағдайларды қоспағанда 5.02-бөлімге сәйкес Банк өзіне алған қандай да бір болмасын арнаулы міндеттеменің қолданылуына жататын сомаларға қолданылмайды.

6.05-бөлім. Заемды өтеу мерзімдеріне қатысты жою туралы ережелерді қабылдау

Егер Банк пен Заемшы өзге туралы уағдаласпаған болса, жою туралы ереже осындай жою датасынан кейін өтеу басталатын мерзімдердің және Банк оларды сатпаған немесе оларға қатысты осы датаға сатуға келісім бермеген Заемның негізгі сомаларының бірнеше бөлігіне, осы бөлімнің ережелері Заем туралы шартта заем шотынан осындай қаражатты алуға қарай Заемның негізгі сомасын нақты жұмсалған қаражаты үшін амортизацияның жеке кестесін айқындау көзделмейтін жағдайларда осы бөлімнің ережелері қолданылмау шартымен бара-бар қолданылады.

6.06-бөлім. Ережелердің қолданылуын құқықтарды жойған немесе тоқтата тұрғаннан кейінгі қолданылуы

Құқықтарды кез келген жоюға немесе тоқтата тұруға қарамастан Заем туралы шарттың және Кепілдік шартының барлық ережесі, егер осы Бапта арнайы өзгеше көзделмесе, толық күшінде қалады және қолданылуын жалғастырады.

6.07-бөлім. Кепілдік шартын жою

Егер Заемшы Заем туралы шартқа сәйкес талап етілетін негізгі сома немесе проценттер бойынша немесе кез келген басқа төлемді жүзеге асырмаған болса (бұл Кепілдік берушінің кез келген әрекетінің немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда) және мұндай төлемді Кепілдік беруші жүргізген болса, онда Кепілдік беруші Банкпен консультация жүргізген соң Банкті және Заемшыны құлақтандыра отырып Банкте

Банк осындай құлақтандыруды алған датада қалған және 5.02-бөлімге сәйкес банк өзіне қабылдаған қандай да болмасын арнаулы міндеттемеге жатпайтын Заемның кез келген сомасына қатысты Кепілдік шарты бойынша өзінің міндеттемелерінің қолданылуын тоқтата алады. Банк осындай құлақтандыруды алғаннан кейін осындай сомаға қатысты мұндай міндеттемелердің қолданылуы тоқтатылады.

VII бап

Өтеу мерзімдерін қысқарту

7.01-бөлім. Өтеу мерзімдерін қысқартуға апарып соғатын оқиғалар

Егер төменде санамаланған оқиғалардың қандай да болмасын бірі болса және төменде көрсетілген уақыт кезеңі бойында жалғасатын болса, егер мұндай көзделген болса, онда мұндай оқиға әзірге жалғасатын уақыттың алдағы сәтінде, Банк өзінің қалауы бойынша Заемшы мен кепілдік берушіні құлақтандыру жолымен сол сәтте төленбеген Заемның негізгі сомасының проценттерімен және осы сомаға есептеулерімен бірге дереу төленуге жататындығын мәлімдейді, сөйтіп кез келген мұндай мәлімдеуден соң негізгі сома оның проценттерімен және оған басқа да есептеулерімен дереу төленуге жатады:

(a) Заем туралы шартқа сәйкес талап етілетін негізгі соманы немесе проценттерді немесе кез келген басқа төлемді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау болса, сөйтіп ол отыз күн бойы жалғасса.

(b) Кепілдік шартына сәйкес талап етілетін негізгі соманы немесе проценттерді немесе кез келген басқа төлемді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау болса, сөйтіп ол отыз күн бойы жалғасса.

(c) (i) Заем туралы кез келген басқа келісімнің немесе Банк пен Заемшының арасындағы кепілдіктің шеңберінде, не (ii) Банктің әлде бір кепілді не Заемшының келісімімен үшінші тарапқа кез келген түрдегі өзге қаржылық міндеттемелерді берудің салдарынан не (iii) Заемшы мен Ассоциацияның арасындағы кредит туралы шартты дамыту туралы қандай да бір болмасын келісімнің шеңберінде Банкке немесе Ассоциацияға тиесілі негізгі соманы немесе проценттерді немесе кез келген баспа төлемді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау болса, сөйтіп ол отыз күн бойы жалғасса.

(d) Банкке немесе Ассоциацияға тиесілі негізгі соманы немесе Кепілдік берушінің тарапынан: (i) заем туралы кез келген басқа келісімнің немесе банк пен заемшының арасындағы кепілдіктің шеңберінде, не (ii) банктің әлде бір кепілді не заемшының келісімімен үшінші тараптың кез келген түрдегі өзге қаржылық міндеттемелерін берудің салдарынан, не (iii) заемшы мен Ассоциацияның арасындағы кредит туралы шартты дамыту туралы қандай да бір болмасын келісімнің шеңберінде, негізгі соманы немесе проценттерді немесе кез келген баспа төлемді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау болса, сөйтіп ол 30 күн бойы жалғасса.

(e) Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының шеңберінде Заемшының немесе Кепілдік берушінің тарапынан Кез келген басқа міндеттемелерді орындамау болса және ол Банк Заемшы мен Кепіл құлақтандырған соң алпыс күн бойы жалғасса.

(f) (Банктің мүшесі болып табылмайтын) Заемшы бұдан әрі өзінің борыштарын оларды өтеудің мерзімдерінің басталуы бойынша төлеуге қабілетсіз болса не Заемшы

немесе басқа да тұлғалар нәтижесінде Заемшының активтерінің кез келген бөлігі оның кредиторларының арасында бөлінуге немесе бөлінуі мүмкін әрекеттер қабылдаса немесе сондай рәсімдерді жүзеге асыру басталса.

(g) (Банктің мүшесі болып табылмайтын) Заемшы немесе Жобаны жүзеге асырушы кез келген басқа заңды тұлға қызметті жою, бұзу немесе тоқтата тұру бойынша іс-әрекеттер қабылдаса.

(h) Заемшы немесе Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлға Банктің келісімінсіз (i) Заем туралы шарттың шеңберіндегі өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық қайта тапсырса немесе берсе; немесе (ii) банктің пікірі бойынша (A) Заемшының Заем туралы шарттың шеңберіндегі өзінің міндеттемелерін орындау немесе Жобаның мақсатына жету қабілетіне не Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлғаның Заем туралы шартқа сәйкес көзделген немесе күшіне енген өзінің міндеттемелерін орындау немесе Жобаның мақсатына жету қабілетіне материалдық немесе жағымсыз әсер етпейтін; (B) және (Банктің мүшесі болып табылмайтын) Заемшының не Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлғаның қаржы жай-күйіне немесе жұмысына материалдық немесе жағымсыз әсер етпейтін кәдімгі іскерлік операцияларды қоспағанда, Заемның қаражатынан ішінара немесе толық қаржыландырылатын меншікті немесе активтерді басқаша билік етуге сатса, жалға берсе, қайта тапсырса, берсе.

(i) (Банктің мүшесі болып табылмайтын) Заемшы немесе Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлға Заем туралы шартты жасау датасында ұсынған бұрынғы шаруашылық жүргізуінің заңдық нысанын тоқтатқанда.

(j) Банктің пікірі бойынша, (Банктің мүшесі болып табылмайтын) Заемшының немесе Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлғаның құқықтық сипаты меншік немесе басқаруының, түрі Заем туралы шартты жасау датасындағы өздерінің қатысты өзгерген және (i) Заемшының Заем туралы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындау қабілетіне және Жобаның мақсатына жетуге материалдық және жағымсыз әсер ететін; немесе (ii) Жобаны жүзеге асырушы заңды тұлғаның Заем туралы шартқа сәйкес көзделген немесе күшіне енген

өзінің міндеттемелерін орындау, не Жобаның мақсатына жету қабілетіне материалдық және жағымсыз әсер етеді деп табылғанда.

(k) Заем туралы шартқа осы бөлімнің аспектілеріне қатысты кез келген басқа оқиға орын алғанда және, егер мұндай көзделген болса, Заем туралы келісімде ескерілген кезең ішінде жалғасатын болса.

VIII бап

Салықтар

8.01-бөлім. Салықтар

(a) Заемның негізгі сомасы, ол бойынша проценттер мен басқа да есептеулер салықтарға аударым жасаусыз төленеді және Заемшы немесе Кепілдік беруші болып табылатын, Банктің мүшесімен алынатын немесе оның аумағында қолданылатын салықтардан босатылмайды.

(b) Осы Жалпы ережелер қолданылатын Заем туралы шарт және Кепілдік шарт, сондай-ақ кез келген басқа келісім Заемшы немесе кепілдік беруші болып табылатын Банктің мүшесі алатын, немесе оларды ресімдеу, атқару немесе тіркеуге немесе оларға байланысты олардың аумағында қолданылатын кез келген салықтан босатылады.

IX БАП

Ынтымақтастық және ақпарат. Қаржы және экономикалық деректер. Жағымсыз міндеттеме. Жобаны жүзеге асыру

9.01-бөлім. Ынтымақтастық және ақпарат

(a) Банк, Заемшы мен Кепілдік беруші Заемның мақсатына жетуді қамтамасыз ету үшін жан-жақты ынтымақтастықты жүзеге асырады. Осы мақсатта Банк, заемшы мен кепілдік беруші:

(i) олардың кез келген өтініші бойынша мерзім сайын Заемның мақсаты және Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты бойынша өздерінің тиісті міндеттемелерін орындау мақсатында Жобаның іске асырылу барысы туралы пікір алмасады және басқа тарапқа ол негізді түрде сұрайтын осыған қатысты барлық ақпаратты береді; және

(ii) бір-бірін жоғарыдағы (i) тармақта аталған мәселелерге кедергі келтіретін немесе араласумен қауіп төндіретін кез келген мән-жай бойынша жедел хабарландырады.

(b) Кепілші саяси немесе әкімшілік бөлімшелерінің немесе кез келген құрылымдарының меншігіндегі немесе Кепілшінің бақылауындағы оның кез келген

немесе осындай бөлімшелердің немесе оның немесе оның атынан немесе оның мүддесінде жұмыс істейтін бөлімшелердің тарапынан Заем туралы шарттың шеңберіндегі Заемшының өзінің міндеттемелерін және Жобаны жүзеге асыруды болдырмайтын немесе оған кедергі келтіретін қандай да бір болмасын әрекеттердің қабылданбауын немесе оларға рұқсат етілмеуін қадағалайды.

(с) Банктің Заемшысы немесе Кепілдік беруші болып табылатын мүшесі ақылға сыйымды шектерде Банктің өкілдерінің Заемға қатысты мақсатта оның аумағының кез келген бөлігінде болуы үшін барлық мүмкіншілікті ұсынады.

9.02-бөлім. Қаржылық және экономикалық деректер

Банктің Заемшысы немесе Кепілдік берушісі болып табылатын мүше Банкке Банктің негізді түрде сұраған өзінің аумағындағы қаржылық және экономикалық жағдайлар туралы, оның ішінде оның төлем балансы және оның сыртқы борышы туралы, сондай-ақ оның саяси немесе әкімшілік бөлімшелері туралы және оның меншігіндегі немесе оның бақылауындағы немесе оның есебінен немесе оның мүддесінде жұмыс істейтін немесе осындай кез келген бөлімше және ол үшін орталық банктің немесе валюталық тұрақтандырушы қордың функциясын орындайтын кез келген мекеме не осы секілді функциялар туралы барлық ақпаратты береді.

9.03-бөлім. Жағымсыз міндеттеме

(а) Банктік өзінің мүшелеріне немесе олардың кепілдігі мен заемдарды беруі кезіндегі саясаты мынадай: тиісті мүшесінің тарапынан, оның ішінде осындай мүшенің бақылауындағы немесе оның мүддесінде сақтаулы шетел валютасын бөлу, іске асыру немесе бөлу кезінде арнайы кепілдіктердің қалыпты жағдайларына қол жеткізу, ешқандай басқа сыртқы борыштың Банктің заемдарының алдында үстемдікке ие болмауы.

(і) Осы мақсатта қандайда бір болмасын сыртқы борышты қамтамасыз ету ретінде кез келген мемлекеттік активтерді (олардың төменде айқындалғанындай) ұстаудың қандай да болмасын құқығы пайда болатын болса, ол осындай сыртқы борыштың кредиторының немесе шетел валютасын бөліп беру, іске асыру немесе бөліске салу кезінде басым құқығына әкелсе немесе әкелетін болса, онда мұндай ұстап қалу құқығы, егер банк өзгеше келісім бермейтін болса, (*ipso facto*) және банктің тарапынан шығыстар жасаусыз заемның негізгі сомасын және проценттерді, сондай-ақ Заем бойынша өзге де есептеулерді қамтамасыз біркелкі әрі мөлшерлес етуге қызмет етеді, Банктің Заемшысы немесе Кепілдік берушісі болып табылатын мүшесі осындай ұстап қалу құқығы пайда болуы немесе оны шешу кезінде бұл туралы арнаулы ескерту жасайды; алайда, мұндай ескертпе қандай да бір болмасын конституциялық немесе

заңдық себеппен оның саяси немесе әкімшілік бөлімшелерінің кез келгенінің активтерінің қандай да болмасын ұстап қалу құқығына қарсы мұндай ескертпе жасалмайтын болса, мұндай мүше Банктің тарапынан жедел және ешқандай шығыстарсыз Заемның негізгі сомасын және проценттерді, сондай-ақ Заем бойынша өзге де есептеулерді Банкті қанағаттандыратын басқа мемлекеттік активтерді тең бағалы ұстап қалу құқығын қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

(ii) "Мемлекеттік активтер" деген термин, оның ішінде осы тармақта ол қалай пайдаланылған мәнінде осындай мүшенің, оның кез келген саяси немесе әкімшілік бөлімшесінің және меншігіндегі немесе бақылауындағы немесе осындай мүшенің немесе осындай бөлімшенің атынан немесе мүддесінде жұмыс істейтін активтерін, оның ішінде орталық банктің немесе валюталық тұрақтандырушы қордың функциясын немесе осындай мүше үшін осы секілді функцияларды орындайтын алтындары мен жедел валютасындағы активтерін білдіреді.

(b) Банктің мүшесі болып табылмайтын Заемшы, егер банк өзгеге келісім бермейтін болса ғана мынаған міндеттенеді:

(i) Егер мұндай заемшы қандайда бір болмасын борышты қамтамасыз ету ретінде қандай да бір болмасын өзінің активтерін ұстап қалудың қандай да бір болмасын құқығын құрса, мұндай ұстап қалу құқығы Заемның негізгі сомасын және проценттерді төлеуді, сондай-ақ сол бойынша өзге де есептеулерді төлеуді біркелкі және мөлшерлес қамтамасыз етуге қызмет істейді, сөйтіп мұндай ұстап қалу құқығын құру кезінде бұл ретте Банктің тарапынан қандай да бір болмасын шығыстар жасаусыз арнаулы ескерту жасалады; және

(ii) қандай да бір болмасын борышты қамтамасыз ету ретінде осындай Заемшының қандай да бір болмасын активтерін ұстап қалу қандай да бір болмасын нормативтік құқығы жасалатын болса, онда мұндай заемшы банктің тарапынан ешқандай да бір шығындар шығарусыз Заемның негізгі сомасын және проценттерді, сондай-ақ ол бойынша өзге де есептеулерді қамтамасыз ету ретінде банкті қанағаттандыратын ұстап қалудың тең бағалы құқығын ұсынады.

(c) Осы бөлімнің жоғарыда келтірілген ережелері: (i) меншікті сату сәтінде мұндай меншікті сатып алу бағасын төлеуді қамтамасыз ету ретінде немесе мұндай меншікті сатып алуды қаржыландырудың нәтижесінде пайда болған борышқа ақы төлеуді қамтамасыз етуде ғана болатын оны ұстап қалудың кез келген құқығына; немесе (ii) кәдімгі банктік операциялардың барысында пайда болған және өтеу мерзімі осы борыш пайда болған күннен кейін бір жылдан ерте болмайтын борышты қамтамасыз ету болып табылатын ұстап қалудың кез келген құқығына қолданылмайды.

9.04-бөлім. Сақтандыру

Заемшы сақтанады немесе сақтандыруды қамтамасыз етеді, не осындай түрде Заем

қаражатының есебінен қаржыландырылатын импортталатын тауарларды оларды сатып алуға, тасымалдауға және пайдалану орнына жеткізуге немесе орнатуға байланысты тәуекелдерден сақтандыруды қарастырады. Осындай сақтандыру бойынша кез келген өтеу осындай тауарларды ауыстыру немесе жөндеу үшін еркін пайдаланылатын валютада төленуге жатады.

9.05-бөлім. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді пайдалану

Егер банк өзгеге келіспейтін болса, Заемшы Заем қаражатының есебінен қаржыландырылатын барлық тауарлар мен қызмет көрсетулердің пайдаланылуын тек Жобаның мақсаты үшін ғана қамтамасыз етеді.

9.06-бөлім. Жоспарлар және кестелер

Заемшы Банкке оларды дайындау аяқталған соң қысқа мерзімдерде барлық жоспарларды, техникалық шарттарды, келісімшарттық құжаттаманың есептерін, сондай-ақ Жоба бойынша құрылыстың және сатып алулардың кестелерін және Банк қаншалықты негізді сұраса, соншалықты егжей-тегжейлі дәрежеде олардың барлық материалдық модификацияларын немесе толықтыруларын береді немесе берілуін қамтамасыз етеді.

9.07-бөлім. Есептік құжаттар және баяндамалар

(a) Заемшы: (i) есеп құжаттамасын жүргізеді және Жобаның іске асырылу барысын тіркеу және Қадағалау үшін жеткілікті ресімдерді (оның құнын және оған байланысты пайдаларды қоса алғанда), Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулердің бірдейлендірілуін және олардың Жобада қолданылуының сипаттамасын қолданады; (ii) Банктің өкілдеріне Жобаға енгізілген кез келген объекті мен құрылыс алаңында болу мүмкіншілігін және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды, сондай-ақ Заемшының Заем туралы келісім бойынша міндеттемелерін орындауға қатысты барлық зауыттарды, қондырғыларды, цехтарды, ғимараттар мен мүліктерді, жабдықты, есептік құжаттаманы және құжаттарды қарау мүмкіншілігін жасайды; және (iii) Банкке Жоба туралы Банк негізді түрде сұрайтын, бұл оның пайдалары, заем қаражатын жұмсау, сондай-ақ Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулер туралы қажет болғанда, оның құны туралы барлық ақпаратты береді.

(b) Заем қаражатының есебінен қаржыландырылатын тауарларға немесе қызмет көрсетулерге кез келген келісімшарт жасалған соң Банк олардың сипаттамасын, атауы мен келісімшарт жасалынған тараптың ұлттық тиістілігін, сондай-ақ келісімшарт

бағаны жариялай алады.

(с) Жоба аяқталған соң дереу, бірақ кез келген жағдайда Қорытынды датадан кейін алты айдан кешіктірмей немесе осы мақсатта Банк пен Заемшының арасында келісуі мүмкін осы секілді анағұрлым кеш мерзімде Заемшы Банк негізді түрде сұраған Жобаның бастапқы жұмысының атқарылуы, одан алынған немесе алынатын оның құны мен пайдалары туралы, Заемшы мен Банктен Заем туралы келісімнің шеңберіндегі өздерінің тиісті міндеттемелерін және Заемның мақсатына жету туралы осындай көлемде және осындай егжей-тегжейлі дәрежеде ақпарат әзірлейді және оны Банкке ұсынады.

9.08-бөлім. Техникалық қызмет көрсету

Заемшы Жобаға қатысы бар барлық объектілерді пайдалану мен техникалық Қызмет көрсетуді ұдайы жүзеге асырады немесе жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді және қажеттілігіне қарай оларды жөндеу және модернизациялау бойынша барлық қажетті жұмыстардың жүргізілуін жедел жүзеге асырады немесе қамтамасыз етеді.

9.09-бөлім. Жер сатып алу

Заемшы, егер және бұл Жобаны жүзеге асыру үшін қажет барлық сол жерді және жерге құқықты сатып алу үшін қажетті барлық іс-әрекетті орындайды немесе орындалуын қамтамасыз етеді және Банкке оның сұрау салуы бойынша Банкті қанағаттандыратын Жобаға қатысты мақсаттар үшін осындай жердің бар-жоқтығы және оған деген құқық туралы мәліметтерді береді.

X бап

Заем туралы шарттың және Кепілдік шартының орындалуын қамтамасыз ету. Құқықтарды іске асырудың қабілетсіздігі. Төрелік

10.01-бөлім. Құқықтардың орындалуын қамтамасыз ету

Банктің, Заемшының, Кепілдік берушінің Заем туралы шарттың және Кепілдік шартының шеңберіндегі құқықтары мен міндеттемелері қандай да бір болмасын мемлекеттердің немесе оның саяси бөлімшелерінің керісіншелігі туралы

куәландыратын қандай да бір болмасын заңдарынан тыс олардың шарттарына сәйкес күшінде қалады және орындалуға жатады. Банк те, Заемшы да, Кепілдік беруші де осы Баптың шеңберіндегі кез келген байыптау кезінде осы Жалпы ережелердің қандай да бір қағидасын немесе Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының осы Шарттың қандай да бір болмасын ережелеріне сәйкес күші жоқ деп табылады немесе құқықтық санкциялармен қамтамасыз етілмеген деген қандай да болмасын қарсылықтар ұсынуға құқығы жоқ.

10.02-бөлім. Кепілдік берушінің міндеттемелері

6.07-бөлімде көзделгенді қоспағанда, Кепілдік берушінің Заем туралы шарттың шеңберіндегі міндеттемелері олардың атқарылу нәтижесінде ғана тәмамдалады, оның үстіне бұл жағдайда осы атқарудың шектерінде ғана болады, ондай міндеттемелер Заемшының оған қойылатын талаптарды ешқандай алдын ала құлақтандыруды немесе оған қарсы іс-әрекетті не қандай да бір болмасын Кепілдік берушіге алдын ала құлақтандыруды немесе Заемшының өзінің әлде бір міндеттемелерін орындамағанына байланысты оған талаптар қоюды талап етпейді. Төмендегілердің ешқайсысы да сондай міндеттемелердің жүзеге асырылуына кедергі келтірмейді:

(a) мерзімдерді кез келген ұзарту, Заемшыға мәжбүрлеу шараларын қолданудан бас тарту не жеңілдіктер беру.

(b) Заемшыға қарсы қандай да бір құқықты не өкілеттігінің артта қалуының немесе дәлелдеуге қабілетсіздігін немесе кешеуілдетуіне байланысты немесе Заемды қамтамасыз етудің қандай да бір болмасын қамтамасыз етуге байланысты санкциялар қолдану;

(c) Заем туралы шарттың талаптарымен көзделген оның ережелерін кез келген өзгерту немесе неғұрлым егжей-тегжейлі жазу; немесе

(d) Заемшының Кепілдік берушінің кез келген заңдарының талаптарын кез келген сақтамаушылығы.

10.03-бөлім. Құқықтарды іске асырудың қабілетсіздігі

Заем туралы келісім немесе Кепілдік шарты бойынша тараптардың бірі ұсынатын қандай да бір болмасын құқықты, өкілеттікті немесе санкциялардың жүзеге асырылуын кідірту немесе жүзеге асырмау міндеттемелерді кез келген орындамаудан соң осындай құқықтарды, өкілеттіктерді немесе санкцияны шектемейді және оларды орындаудан бас тарту ретінде немесе осындай орындамаушылыққа үнсіз келісу ретінде қарамайды. Міндеттемелерді кез келген орындамаушылыққа қатысты осындай тараптың кез келген іс-әрекеті не міндеттемелерді кез келген орындамаушылыққа қатысты осындай тараптың кез келген іс-әрекеті не міндеттемелерді кез келген орындамау кезіндегі оның

кез келген үнсіз келісуі осындай тараптың кез келген басқа тарапқа қатысты қандай да бір болмасын құқығына, өкілеттігіне немесе санкциясына немесе міндеттемелерді кейін орындамаушылығына әсер етпейді не оларды шектемейді.

10.04-бөлім. Төрелік

Заем туралы шарттың тараптарының немесе Кепілдік шарты тараптарының арасындағы кез келген дау және Заем туралы шартқа немесе Кепілдік шартына байланысты кез келген басқасының осындай тарапқа қоятын тараптардың келісімімен реттелмеген кез келген талап-арызы төменде көзделгеніндей төрелік сотының төрелігіне беріледі.

(b) мұндай Төрелікте тараптар ретінде бір тараптан, Банк және, екінші тараптан, Заемшы мен Кепілдік болады.

(c) Төрелік соты мынадай түрде тағайындалатын үш төрешіден тұрады: бір төрешіні Банк тағайындайды, екінші төрешіні Заемшы мен Кепілдік беруші немесе олар келісімге келмесе, Кепілдік беруші тағайындайды, үшінші төрешіні (бұдан әрі кейде Төрелік судьясы деп аталады) тараптардың келісімі бойынша немесе егер олар келісімге келмесе, оны Халықаралық соттың төрағасы тағайындайды немесе оны аталған Төраға тағайындамайтын жағдайда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы тағайындайды, егер қайсыбір тарап төрешіні тағайындамаса, мұндай төрешіні Төрелік Судьясы тағайындайды. Осы бөлімге сәйкес тағайындалған кез келген төреші қызметінен кеткенде қайтыс болғанда немесе жұмысқа қабілетсіздігі жағдайында оның орнын басқан адам төреші лауазымына бастапқы төреші үшін осында көзделген рәсімге сәйкес тағайындалады, оның үстіне орнын басқан адам бастапқы төрешінің барлық өкілеттігі мен міндеттеріне ие болады.

(d) Төрелік байыптау осы бөлімге сәйкес осындай байыптауды қозғаған тарап басқа тарапты құлақтандырған соң басталуы мүмкін. Мұндай құлақтандыруға төрелікке берілетін даудың немесе талап-арыздың сипаты, және сұралып отырған шешімнің сипаты, сондай-ақ байыптауды қозғаған тарап тағайындаған төрешінің аты-жөні баяндалған өтініш кіреді. Осы құлақтандырудан соң 30 күн ішінде басқа тарап байыптауды қозғаған тарапқа өзі тағайындаған төрешінің аты-жөнін хабарлайды.

(e) Егер байыптауды қозғау туралы құлақтандырудан соң алпыс күн ішінде тараптар Төрелік Судьясы туралы келісімге келмесе, тараптардың кез келгені осы Бөлімнің (c) тармағының ережелеріне сәйкес Төрелік судьясын тағайындауды талап ете алады.

(f) Төрелік соты Төрелік судьясы айқындайтын мерзімде және орында жиналады. Бұдан соң Төрелік соты өз мәжілістерінің өтетін орны мен мерзімдерін айқындайды.

(g) Төрелік соты өзінің құзыретіне қатысы бар барлық мәселелер бойынша, осы Бөлімнің ережелерінің сақталуы шартымен шешімдер қабылдайды, егер тараптар өзге

туралы келіспесе өзінің рәсімін айқындайды. Төрелік сотының барлық шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

(h) Төрелік соты барлық тарапқа бүйрегі бұрусыз тыңдауды қамтамасыз етеді және өзінің шешімін жазбаша түрде шығарады. Мұндай шешім сырттай да қабылдануы мүмкін. Төрелік сотының басым көпшілік мүшелері қол қойған шешім осындай соттың шешімі болып табылады. Шешімнің қол қойылған данасы тараптардың әрқайсысына беріледі. Осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес шығарылған кез келген мұндай шешім Заем туралы шарт пен Кепілдік шартының тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады. Тараптардың әрбірі осы Бөлімнің ережелеріне сәйкес Төрелік соты шығарған кез келген мұндай шешімге бағынады және оны ұстанады.

(i) Тараптар төрелік байыптауды жүзеге асыру үшін талап етілетін төрешілерге және өзге де тұлғаларға сыйақының мөлшерін белгілейді. Егер сыйақының мұндай мөлшері Төрелік сотының бірінші мәжілісінен кейін келісілмеген болса, Төрелік соты ақылға сыйымды шектерде және мән-жайды ескере отырып сыйақының осындай мөлшерін белгілейді. Банк, Заемшы мен Кепілдік беруші төрелік байыптау бойынша өздерінің шығыстарын өздері жабады. Төрелік сотының шығыстары, бір жағынан, Банкке және, екінші жағынан, Заемшы мен Кепілдік берушіге тең бөлінеді және төленеді. Төрелік сотының шығыстарын бөлу қатысты барлық мәселені немесе мұндай шығыстарды төлеудің тәртібін Төрелік соты шешеді.

(j) Осы Бөлімде жазылған төрелік туралы ереже Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты тараптарының арасындағы дауларды немесе осындай шартқа байланысты кез келген осындай тараптың кез келген басқа тарапқа қойған талап-арызын реттеудің кез келген басқа рәсімін ауыстырады.

(k) Егер төрелік шешімінің даналарын берген соң егер 30 күннің ішінде тараптар бұл шешімді сақтамаған болса, тараптардың кез келгені: (i) төрелік шешімі бойынша байыптауға кірісе немесе кез келген басқа тарапқа қарсы тиісті құзыретке ие кез келген сотта осындай төрелік шешімінің орындалуын қамтамасыз етудің рәсімін қозғап; (ii) шарттылықтарды сақтау жолымен осындай шешімнің іске асырылуын қамтамасыз етіп, немесе (iii) төрелік шешімнің және Заем туралы шарт пен Кепілдік шартының ережелерін орындау мақсатында кез келген басқа осындай тарапқа қарсы кез келген басқа тиісті санкцияларға қол жеткізе алады. Жоғарыда жазылғанға қарамастан осы Бөлім мұндай рәсім осы Бөлімнің ережелеріне қарағанда өзге негіздерде қамтамасыз етілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, Банктің мүшесі болып табылатын қандай да болмасын тарапқа қарсы төрелік шешімнің іске асырылуын қамтамасыз етуге немесе қандай да бір болмасын сот шешімін шығаруға жол бермейді.

(k) Осы Бөлімнің шеңберіндегі кез келген байыптауға байланысты немесе

осы Бөлімге сәйкес шығарылған қандай да болмасын төрелік шешімін іске

асыруды қамтамасыз ету жөніндегі байыптауға байланысты процесс туралы құлақтандыруды немесе хабарландыруды тапсыру 11.01-бөлімнің ережелеріне сәйкес жүргізіле алады. Заем туралы шарт пен Кепілдік туралы шарттың тараптары кез келген осындай процесс туралы кез келген осындай құлақтандыруды немесе хабарламаны тапсыруға қойылатын барлық өзге талаптарды қабылдамайды.

XI бап

Басқа ережелер

11.01-бөлім. Құлақтандырулар мен сұрау салулар

Заем туралы шартқа немесе Кепілдік шартына, немесе Заем туралы шартта немесе Кепілдік туралы шартта көзделген кез келген тараптың арасындағы кез келген өзге келісімдерге сәйкес талап етілетін немесе жолданатын кез келген құлақтандыру немесе сұрау салу жазбаша түрде ресімделеді. Егер 12.03-бөлімде өзгеше көзделмесе, мұндай құлақтандыру немесе сұрау салу олар почта бойынша телеграммамен қолдан-қолға, кабель бойынша, телексмен немесе радиограммамен оларды осындай тараптың мекен-жайы бойынша, Заем туралы шартта немесе Кепілдік шартында көрсетілген өкілеттігі бар тарапқа немесе осындай тарап осындай басқа мекен-жайға осындай құлақтандыру немесе осындай сұрау салу жасаған тарапқа құлақтандыруды беру жолымен тиісті түрде жеткізілген деп қаралады.

11.02-бөлім. Өкілеттіктерді растау

Заемшы мен Кепілдік беруші Банкке Заемшының немесе Кепілдік берушінің атынан кез келген іс-әрекетті жасайтын немесе Заемшыға немесе Кепілдік берушіге қажетті кез келген құжатты ресімдейтін немесе Заемшы немесе Кепілдік беруші Заем туралы шартқа немесе Кепілдік шартына сәйкес іс-әрекет жасауға немесе ресімдеуге уәкілетті адамға немесе адамдарға, қажетті растауды осындай әрбір адамның қолының куәландырылған үлгісін ұсынады.

11.03-бөлім. Заемшының немесе Кепілдік берушінің атынан жасалатын іс-әрекет

Заем туралы шартқа немесе Кепілдік шартына сәйкес Заемшының немесе Кепілдік берушінің атынан іс-қимыл жасауды немесе шешуді талап ететін кез келген іс-әрекет немесе ресімдеуді талап ететін немесе шешуді талап ететін кез келген құжатты осы бөлімнің мақсаты үшін Заем туралы шартта немесе Кепілдік шартында көрсетілген Заемшының немесе Кепілдік берушінің өкілдері немесе бұған жазбаша түрде уәкілеттік берілген осындай өкілдің кез келген адамы жасай алады. Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының ережелерін кез келген өзгерту немесе анағұрлым егжей-тегжейлі жазу Заемшының немесе Кепілдік берушінің атынан келісілуі осы мақсат үшін тағайындалған Заемшының немесе Кепілдік берушінің атынан ресімделген жазбаша құжат арқылы оның өкілі немесе осыған осындай өкіл жазбаша түрде өкілеттік берген адам мұндай өкілдің пікірі бойынша, осындай өзгеріс немесе анағұрлым егжей-тегжейлі жазу аталмыш мән-жайларда негізді болып табылады және Заем туралы шарт бойынша Заемшының немесе Кепілдік шарты бойынша Кепілдік берушінің міндеттемелерін елеулі түрде кеңейтуге алып барады деген шарт пен Банк осындай өкілдің пікірі бойынша Заем туралы шарттың немесе Кепілдік шартының ережелерін кез келген өзгерту немесе неғұрлым егжей-тегжейлі жазу осындай құжаттың негізінде жүзеге асырылатын сөзсіз

дәлел болады деп сенуіне мұндай мән-жайларда негізді және Заемшының немесе Кепілдік берушінің шарттың шеңберіндегі міндеттемелерін елеулі түрде кеңейтуге алып келеді деген осындай кез келген құжаттың жасалуына келісе алады.

11.04-бөлім. Барлық талаптарға арналған келісімдерді құжаттық ресімдеу

Заем туралы шартта, сондай-ақ Кепілдік шарты да бірнеше данада ресімделуі мүмкін, олардың әрбірі түпнұсқа болып табылады.

XII бап

Күшіне ену датасы. Қолданылуының тоқтатылуы

12.01-бөлім. Заем туралы шарт пен Кепілдік шартының күшіне енгеннен кейінгі жағдайлар

Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты Банкке Банкті қанағаттандыратын:

(a) Заем туралы шарттың және кепілдік шартының Заемшының және Кепілдік берушінің атынан барлық қажетті үкіметтік және корпоративтік іс-әрекеттің нәтижесінде тиісті түрде санкциялануы немесе бекітілгендігінің ресімделгендігі және тапсырылғандығы туралы;

(b) егер бұл туралы (банктің мүшесі болып табылмайтын), Заемшының Заем туралы шарттың датасында банкке ұсынылған немесе кепілдік берілген түріндегі жағдайы осы датадан кейін қолайсыз материалдық өзгерістерге ұшырамағандығы туралы сұрайтын болса, және

(c) Заем туралы шартта көзделген, оның күшіне енуінің шарты ретіндегі барлық басқа оқиғалардың орын алғандығы туралы мәліметтер ұсынылғанға дейін күшіне енбейді.

12.02-бөлім. Заңдық қорытындылар немесе куәліктер

12.01-бөлімге сәйкес мәліметтердің бөлігі ретінде берілуі тиіс Банкті қанағаттандыратын қорытынды немесе банк үшін қабылданымды заңгерлердің қорытындылары немесе банк сұрау салған жағдайда, Банкті қанағаттандыратын банктің мүшесі болып табылатын Заемшының немесе Кепілдік берушінің құзыретті лауазымды тұлғасының куәлігі мыналар көрсетіле отырып беріледі:

(a) Заемшының атынан Заем туралы шартты Заемшы тиісті түрде санкциялағаны немесе бекіткені және оның атынан ресімделгендігі мен тапсырылғандығы және оның ережелеріне сәйкес Заемшы үшін заңдық міндетті болып табылатындығы;

(b) Кепілдік берушінің атынан Заем туралы шартты Кепілдік беруші тиісті түрде санкциялағаны немесе бекіткені және оның атынан ресімделгендігі мен тапсырылғандығы және оның ережелеріне сәйкес Заемшы үшін заңдық міндетті болып табылатындығы; және Заем туралы шартта нақты көрсетілген немесе Банк оған байланысты негізді түрде сұрайтын басқа да аспектілер.

12.03-бөлім. Күшіне ену датасы

(a) егер Банк пен Заемшы өзге туралы келіспесе, Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты Банк заемшы мен Кепілдік берушіге 12.01-бөлім талап ететін растауларды өзінің қабылдағаны туралы құлақтандыруды жолдаған күннен бастап күшіне енеді.

(b) егер күшіне ену датасына дейін Банкке Заемшының Заем шотынан қаражатты алу құқығын тоқтата тұруға құқық беретін кез келген оқиға болса, Заем туралы шарттың қолданылуы немесе егер Банк 4.04 (a) бөлімінің шеңберінде көзделген төтенше жағдай бар деп анықтаса, онда Банк осы Бөлімнің (a) тармағында айтылатын құлақтандыруды жөнелтуді осындай оқиғаның немесе оқиғалардың немесе жағдайдың

болуы тоқтағанға дейін кідірте алады.

12.04-бөлім. Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты қолданылуының олардың күшіне енуі себебі бойынша тоқтатылуы

Егер Заем туралы шарт осы Бөлімнің мақсаты үшін Заем туралы шартта көзделген датада күшіне енбесе, Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты және олар бойынша тараптардың барлық міндеттемелері, егер кідіру себептерін қараудан соң Банк осы бөлімнің мақсаты үшін мейлінше кеш датаны белгілемейтін болса, қолданылуы тоқтатылады. Банк Заемшы мен Кепілдік берушіге осындай мейлінше кеш дата туралы жедел құлақтандырады.

12.05-бөлім. Заем туралы шарт пен Кепілдік шартының барлық сомаларды төлеген соң қолданылуының тоқтатылуы

Заем шотынан алынған Заемның барлық негізгі сомасы және сыйлықақылар, егер осындай көзделген болса, белгіленген мерзімге дейін Заемды өтеу үшін, сондай-ақ Заем бойынша төленуге жататын барлық проценттер мен өзге де есептеулер төленген болса, Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты және тараптардың олар бойынша барлық міндеттемелері өзінің қолданылуын тоқтатады.

I-бап.

Заемдар туралы шарттарға және Кепілдік шарттарына қойылатын талаптар

1.01-бөлім. Жалпы ережелерді қолдану

1.02-бөлім. Заем туралы шарттар мен Кепілдік шарттары ережелерінің Жалпы ережелерге сәйкессіздігі

II-бап

Анықтамалар; Тақырыптар

2.01-бөлім. Анықтамалар

2.02-бөлім. Сілтемелер

2.03-бөлім. Тақырыптар

III-бап

Заемдық шот. Проценттер мен Айыппұлдық санкциялар. Өтеу. Төлемдерді жүзеге асыру орны

3.01-бөлім. Заемдық шот

3.02-бөлім. Заемды пайдаланбағаны үшін айыппұлдық санкциялар

3.03-бөлім. Проценттер

3.04-бөлім. Өтеу

3.05-бөлім. Төлемдерді жүзеге асыру орны

IV-бап

Валюта туралы ережелер

4.01-бөлім. Қаражат алынатын валюта

4.02-бөлім. Заемдық шот

4.03-бөлім. Төлемдер жүзеге асырылатын валюта

4.04-бөлім. Валютаны уақытша ауыстыру

4.05-бөлім. Валюталарды сатып алу

4.06-бөлім. Валюталарды бағалау

4.07-бөлім. Төлемдердің тәртібі

V бап

Заем қаражатты алу

5.01-бөлім. Заем шотынан қаражатты алу

5.02-бөлім. Банктің арнаулы міндеттемесі

5.03-бөлім. Қаражатты алуға немесе арнаулы міндеттемені алуға

арналған өтінімдер

5.04-бөлім. Қайта бөлу

5.05-бөлім. Қаражатты алуға арналған өтінімдерге қол қою

өкілеттіктерін растау

5.06-бөлім. Растайын құжаттар

5.07-бөлім. Өтінімдер мен құжаттардағы ақпаратты берудің толықтығы

5.08-бөлім. Салықтарды төлеу

5.09-бөлім. Банктің төлемдері

VI бап

Күшін жою немесе тоқтата тұру

6.01-бөлім. Заемшының Заем қаражатының күшін жоюы

6.02-бөлім. Банктің Заемшының заемдық қаражатын алуға арналған

құқығын тоқтата тұруы

6.03-бөлім. Банктің заемшының қаражатты алу құқығын жоюы

6.04-бөлім. Банктің бастамашылығы бойынша құқығына күшін жою немесе

тоқтата тұру қолданылатын арнаулы міндеттеменің қолданылуына жататын

сомалар

6.05-бөлім. Заемды өтеу мерзімдеріне қатысты жою туралы ережелерді

кабылдау

6.06-бөлім. Ережелердің қолданылуын құқықтарды жойған немесе тоқтата тұрғаннан кейінгі қолданылуы

6.07-бөлім. Кепілдік шартын жою

VII бап

Өтеу мерзімдерін қысқарту

7.01-бөлім. Өтеу мерзімдерін қысқартуға апарып соғатын оқиғалар

VIII бап

Салықтар

8.01-бөлім. Салықтар

IX бап

Ынтымақтастық және ақпарат. Қаржы және экономикалық деректер.

Жағымсыз міндеттеме. Жобаны жүзеге асыру

9.01-бөлім. Ынтымақтастық және ақпарат

9.02-бөлім. Қаржылық және экономикалық деректер

9.03-бөлім. Жағымсыз міндеттеме

9.04-бөлім. Сақтандыру

9.05-бөлім. Тауарлар мен қызмет көрсетулерді пайдалану

9.06-бөлім. Жоспарлар және кестелер

9.07-бөлім. Есептік құжаттар және баяндамалар

9.08-бөлім. Техникалық қызмет көрсету

9.09-бөлім. Жер сатып алу

X бап

Заем туралы шарттың және Кепілдік шартының орындалуын қамтамасыз ету.

Құқықтарды іске асырудың қабілетсіздігі. Төрелік

10.01-бөлім. Құқықтардың орындалуын қамтамасыз ету

10.02-бөлім. Кепілдік берушінің міндеттемелері

10.03-бөлім. Құқықтарды іске асырудың қабілетсіздігі

10.04-бөлім. Төрелік

XI бап

Басқа ережелер

11.01-бөлім. Құлақтандырулар мен сұрау салулар

11.02-бөлім. Өкілеттіктерді растау

11.03-бөлім. Заемшының немесе Кепілдік берушінің атынан жасалатын

іс-әрекет

11.04-бөлім. Барлық талаптарға арналған келісімдерді құжаттық ресімдеу

XII бап

Күшіне ену датасы. Қолданылуының тоқтатылуы

12.01-бөлім. Заем туралы шарт пен Кепілдік шартының күшіне енгеннен кейінгі жағдайлар

12.02-бөлім. Заңдық қорытындылар немесе куәліктер

12.03-бөлім. Күшіне ену датасы

12.04-бөлім. Заем туралы шарт пен Кепілдік шарты қолданылуының
олардың күшіне енуі себебі бойынша тоқтатылуы

12.05-бөлім. Заем туралы шарт пен Кепілдік шартының барлық сомаларды
төлеген соң қолданылуының тоқтатылуы

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Нарбаев Е.Ә.